

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№140 (9458) | 1954 жылғы 16 июль Жұма | Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

КОМБАЙН ЖӨНДЕУ ӘРІ ТЕЗ, ӘРІ САПАЛЫ АЯҚТАЛСЫН:
Б. Жақыпов. — Комбайн жөндеудегі баяулық дереу жойылыс.
И. Липков. — Социалистік жарыста жаңа табысқа жетеміз.
Ә. Мәдібаев. — 15 мың центнер астық бастырамын. А. Мақсұта. — Күн сайын екі норма (1-бет).
Жарысушы екі ауданда (1-бет).
ҮГІТШПТЕ КӨМЕК: Ә. Нұрмұхамедов. — СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы — ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің программасы (2-бет).
МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРА БЕРІПК: А. Уәлиев. — Сүт фабрикасы. К. Чуприн. — Шөп ша-

бу егін орағы басталғанға дейін аяқталады. М. Әкімжанов. — Қыс қамын ойламай отыр. (2-бет).
ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІ ҚАРСАНЫНДА: Д. Серғазина. — Вагоншылар табысы. О. Баталов. — Ауыр жүк тиелген поездар (3-бет).
Ж. Мұқтаров. — Ауыл-селоларды көркейтеуге баса көңіл бөліңіз (3-бет).
Ж. Оспанов. — Капитал дүниесін әшкерелейтін кітапша (3-бет).
Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада (4-бет).
Халықаралық шолу (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің белсенділігін арттыра берейік

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июнь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын онан сайын өркендетуге берудің кезек күттірмейтін міндеттерін белгілеп берді. Кәзір бүкіл еліміздің еңбекшілері Пленум қаулысын мінсіз жүзеге асыра отырып, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету үшін күресуде. Демек, олардың мақсаты — Отанымыздың қуаттылығын онан әрі нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын арттыра беру, коммунистік құрылыста жаңа табыстарға жете беру.

Пленум қаулысы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінен келесі жылғы егіс үшін парды мол, сапалы жыртыуды, егінді мұқият күтуді, жемпенті көп дайындауды, егін жыйнауға толық әзірленіп, оны қысқа мерзімде өткізуді, барлық ауылшаруашылық өнімдерін дайындау мен сатып алудың мемлекеттік жоспарларын мерзімінен бұрын орындап шығуды талап етеді. Біздің облыста бұл міндеттерді ойдағыдай орындап шығуға толық мүмкіншілік бар. Колхоздар мен МТС, совхоздар мемлекетімізден отандық жаңа техникаларды көптеп алуға. Оның үстіне ауыл шаруашылығы кадрларымен — агрономдармен, зоотехниктермен, комбайншылармен, тракторшылармен, механиктермен, инженерлермен және басқа да мамандармен үздіксіз толықтырылып келеді. Сонымен қатар, колхоздар мен МТС, совхоздарда озаттардың қатары барған сайын көбейе түсуде.

Ильич атындағы МТС-тің С. Әлімбаев жолдас басқарған № 9 комсомол-жастар бригадасы Ленин ауданының Аманкелді атындағы колхозында жұмыс істейді. Бұл бригадада 6 тракторшы, екі «ДТ—54», бір «С—80» жаңа тракторлары бар. Тракторшылар бұл техникаларды тиімді пайдалана отырып, тың және тыңайған жерлерден 800 гектар пар жыртып, 936 килограмм жанар, жағар майларын үнемдеді.

Егін жыйнауға әзірлік көп колхоздар мен МТС, совхоздарда кең өріс ала түсті. Облыс механизаторларының басым көпшілігі егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап, астықты мейлінше көп бастыру жөнінде Ставрополь өлкесіндегі Петров МТС-і комбайншыларының шақыруы-


Бұған 10 июльге дейін облыстың МТС-терінде тың және тыңайған жерлерді көтеру жоспарының 81,4 процент, шөп шабудың 33,8 процент, комбайн жөндеудің 43,9 процент, ал, совхоздар бойынша тың көтерудің 49,9, шөп шабудың 50,4 комбайн жөндеудің 52 проценттен гана орындалуы толық дәлел.

Преснов ауданының барлық МТС-терінде пар жыртыу ұзаққа созылып келеді. Шөп шабу науқаны басталғалы бұл ауданның бірде-бір МТС-інде жұмыс графиктері орындалған емес. Әересе, Майбалық МТС-інде істің жайы өте нашар. Бұл МТС-тің артта қалуының себебі неде? Мұның себебі мынада: алдымен МТС-те және оның қамтуындағы колхоздарда партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыс тиісті дәрежеде емес. Ол шаруашылық міндеттермен ұштастырылп жүргізілмейді. Үгітшілер өздеріне жүктелген міндетке немқұрайды қарап, озаттардың тәжірибелерін насихаттаумен аз шұғылданады. Бастауыш партия, комсомол ұйымдарының секретарьлары, коммунистер мен комсомолецтер ұйымдастырушылық роль атқара алмай жүр. Социалистік жарысқа басшылық жеткіліксіз. Оның орындалуы кезінде тексерілмейді.

Істің жайы осылай бола тұрса да, бұл МТС-ке және оның қамтуындағы колхоздарға аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі тиісті басшылық жасамай келеді. Аудандық партия комитетінің Майбалық МТС аймағы жөніндегі секретары Байбатыров жолдасдың колхоздарда жиі болатыны рас. Дегенмен, ол колхоздарда болғанда тек шаруашылық жұмыстармен ғана шұғылданып, партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстардың жайымен жете шұғылданбайты.

Ново-Георгиев МТС-інде және оның қамтуындағы колхоздарда да жағдай дәл осындай. МТС көлемінде шөп шабу қарқыны өте баяу. Мұнда көп шөп машиналары сапасыз жөндегендіктен жұмыс жиі тоқтап қала береді. МТС-тің участіктік механиктері шөп шабуға жүрген механизаторларға кезінде тиісті көмек көрсетпейді. Осы жағдайлардың барлығы Полудень аудандық партия комитетінің Ново-Георгиев МТС аймағы жөніндегі секретары Болтов жолдасдың көз алды-

Комбайн жөндеу әрі тез, әрі сапалы аяқталсын



СУРЕТТЕ: Образцовая МТС-нің комбайншысы Д. Сарықов жөндеуден өткен комбайнның моторын тексеріп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Комбайн жөндеудегі баяулық дереу жойылсын

Чистая МТС-нің қамтуындағы колхоздарда егіннің көлемі өткен жылғыдан 6 мың гектар ұлғайып отыр. МТС басшылары бұл жағдайды ескеріп, егін орағына әзірлікті тыңғылықты ұйымдастыруға, әрбір колхозды сапалы жөнделген комбайнмен қамтамасыз етуге міндетті еді. Бірақ, іс бұл міндетке сай емес.

МТС-те 46 комбайн жөндеуге тиіс болса, 10 июльге дейін небары 13 комбайн ғана жөнделген. Жөнделген комбайндардың сапасы нашар. Кейбір комбайндарға жарамсыз бөлшектер қойылады. Мастерскойда еңбек нашар ұйымдастырылған.

Ауылшаруашылық машиналар жөніндегі механик Грязнов жолдаспен әңгімелес-

Социалистік жарыста жаңа табысқа жетемін

Өткен жылы МТС комбайншыларының егінді ысырапсыз жыйнап алу жолындағы социалистік жарысында мен елеулі табыстарға ие болдым. Бір комбайнмен 917 гектар егін жыйнауға жетісіп, көп жанар, жағар май үнемдедім.

Бұл табыс өздігінен келген жоқ. Ол агрегат мүшелерінің егін жыйнау маусымында комбайнға техникалық күтімді уақытылы жасау арқылы, комбайнды тоқтаусыз жүргізе білудің, өзара социалистік жарыста қабылданған міндеттемені орындауға бар күш-мүмкіншіліктерді орынды пайдалана білудің нәтижесі болды.

Астық өндірісін шұғыл өркендету міндеті қойылып отырғанда астықтың ысырабына ешқандай жол беруге тиісті емеспіз. Сондықтан егін жыйнауға мұқият әзірленіп, егін жыйнауға алғашқы күндерінен күнделік тапсырманы артығымен орындап, астықты көптеп бастыру жолындағы бүкілодақтық социалистік жарысқа Ставрополь өлкесі, Петров МТС-нің комбайншылары жарысы болып отыр.

Бұл бастамаға үн қоса отырып, мен бір «Сталинец-1» комбайнмен маусымда 1000 гектар егін жыйнауға, жанар майдың 5 процентін үнемдеуге серт беріп отырмын. Берген сертті орындау үшін егін жыйнауға үлгілі әзірленудемін. Кәзірдің өзінде комбайнның негізгі бөлшектері жөндеді. Жөндеу сапасы өткен жылғыдан анағұрлым жақсы.

Маусымда бір мың гектар егін жыйнау үшін еңбек өнімділігін 2-3 есе арттыру

керек. Ол үшін агрегаттың тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Біз өткен жылғыдай комбайнның тәулігіне 21 сағат тоқтаусыз жұмыс істеуіне барлық жағдайды туғызамыз.

Егін жыйнауға ерекше көңіл бөлетін мәселенің бірі — бастырылған астықтың сапалы болуына жетісу. Ол үшін комбайнға үшінші астық тазартқыш орнату керек. Мұның өзі қол еңбегін едәуір жеңілдетіп, егін жыйнау мерзімін қысқартуға, астық тазартуға бөлінген колхозшыларды басқа жұмысқа қосуға мүмкіндік береді.

Күнделік тапсырманы артығымен орындау, астықты көптеп бастыру жолында менімен социалистік жарысқа түскен комбайншы Плешесников жолдас та егін жыйнауға барлық жағынан мұқият әзірленуде. Біз егін жыйнау кезінде жұмыс барысын әрбір бес күн сайын қорытындылауға, бір-бірімізге көмектесуге және комбайнның еңбек өнімділігін арттыру жөнінде жақсы тәжірибелерімізбен ауысып отыруға уәделестік.

Менің мақсатым — быйылғы маусымда мың гектар егін жыйнап, астық ысырабына жол бермей, социалистік жарыста қабылдаған міндеттеменді аброймен орындап шығуға жетісу. Кәзір осы мақсатқа жету үшін зор әзірлік жүргізіп жатырмын.

И. ЛИПКОВ,
Интернационал МТС-нің комбайншысы.

15 мың центнер астық бастырамын

Бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты біздің Киров атындағы астық совхозының механизаторлары да СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының тарихи қаулысын зор қуанышпен, қанағаттанғандық сезіммен, өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Механизаторлар қаулыға жауап ретінде өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей келіп, жағары міндеттемелер

Ставрополь өлкесі, Петров МТС-і комбайншыларының бастамасын зор қуанышпен қарсы алып, көтеріңкі міндеттемелер алды. «Сталинец-6» қос комбайнмен 18 жұмыс күні ішінде 1100 гектар егін орып, 15 мың центнер астық бастыруға серт бердім. Әрине, бұл оңай емес. Бұл алған міндеттемені аброймен орындау үшін

Күн сайын екі норма

Шағыл МТС-нің механизаторлары өздерінің қарамағындағы колхоздардың егін жыл сайын қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап, колхозшыларға нақтылы істерімен көмектесуде. Бұл МТС-тің комбайншылары станция қамтуындағы колхоздарда быйыл егіс көлемінің ұлғайғанын ескере отырып, комбайншылардың еңбек өнімділігін өткен жылғыдан да арттырудың шараларын белгіледі. Олар кәзір комбайн агрегаттарының күндік тапсырмаларын асыра орындау және астықты көп бастыру жөніндегі Ставропольдіктердің бастамасына өздерінің қажырлы еңбектерімен жауап беруге міндеттенді.

Өткен жылы егін жыйнауға маусымдық тапсырмалды біржарым есе орындадым. Шынында тапсырманы екі есе орындауға мүмкіншілік бар еді. Бірақ, біз ол мүмкіншілікті пайдалана білмедік. Алдымен агрегаттың сағаттық график бойынша жұмыс істеуіне жетісе алмадық. Комбайндарды сүйрейдің трактордың жиі тоқтап қалуынан агрегаттың жұмысы да бөгеле берді.

Быйылғы жылы біздің алдымызда бұл сыяқты елеулі кемшіліктерді қайталамау міндеті тұр. Ол үшін тракторларды, комбайндарды сапалы жөндеп, олардың егін жыйнау кезінде бір сағат та босқа тоқтамауын қамтамасыз ету керек. Мен өзіме бекітіліп берілген екі «Сталинец—1» комбайнның сапалы жөндедім. Егер комбайндарға үшінші астық тазартқыш орнатылған болса, онда бункерлерден алынған астық қырмандарда тазартылмастан қабылдау пункттеріне тікелей жөнелтілген болар еді. Бұл жөнінде мен МТС басшыларына кезінде орынды талап қойдым. Олар менің тілегімді қанағаттандыруға уәде беріп отыр. Жақында комбайндарға үшінші астық тазартқыштарды орнататын боламыз.

Агрегаттың тоқтаусыз жұмыс істеуі агрегат мүшелерінің еңбегін дұрыс ұйымдастыруға байланысты екені мәлім. Сондықтан біз агрегаттың маусымдық жұмыс жоспарын жасадық. Онда агрегаттың әрбір мүшесінің қандай жұмыс атқаратындығы белгіленді.

на үн қосып, өздеріне көтеріңкі міндет-темелер алды. Олардың ішінде Киров совхозының комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері А. Мәдібаев, Петропавл МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Х. Шварц, Интернационал МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері П. Пономарев, Торатұл МТС-нің Ленин ордені комбайншысы А. Әдібаев, Семиполка МТС-нің комбайншысы Ф. Антоненко жолдастар және басқалары бар.

Шөп шабу мен мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда да озаттар аз емес. Ленин ауданының «Булак» колхозында «КС—10» шөп машинасының машинисі П. Әубәкіров жолдас норма бойынша күніне 30 гектар шабындықтың шөбін шабу орнына, 40—45 гектардың шөбін шауып жүр. Ол осы маусымда 1630 гектар шабындықтың шөбін шабуға міндеттенді. Е. Әбдірашитова жолдас Тоқшын совхозының № 1 фермасында сауыншы болып істейді. Жас сауыншы өз жұмысын сүйіп істеудің нәтижесінде быйыл 10 сыйырдан 10 бузау алып, оларды аман өсірді. Ол көзінде өзінде әрбір сауын сыйырдан 2000 литрден сүт сауды. Облыста бұлар сыяқты озаттар көптеп саналады.

Ауылшаруашылық жұмыстарына қарқын туғызып, социалистік жарысқа нақтылы басшылық етуде, озаттардың инициативаларын қуаттап, олардың іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыруда жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдарына зор міндеттер жүктеледі. Бірақ, бірқатар жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдары өздерінің бұл міндеттерін тиісті дәрежеде орындай алмай келеді. Сондықтан да облыстың жеке-кеге колхоздары мен МТС, совхоздарының шаруашылық жұмыстарында елеулі кемшіліктер орын алып отыр.

Г. М. Маленковтың Бүкілдиниялық бейбітшілік Советінің председателі доктор Сайфутдин Китчлуды қабылдауы

13 июльде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің және шетелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамының шақыруымен келіп, Москвада жүрген Бүкілдиниялық бейбітшілік Советінің председателі доктор Сайфутдин Китчлуды қабылдады.

Индия ғалымы Сахиб Синг Сокхейге Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру

14 июльде Кремльдің Свердловск залында совет жұртшылығының көптеген өкілдері қатысқан жағдайда, Индияның аса көрнекті ғалымы, Индия парламентінің депутаты профессор Сахиб Синг-Сокхейге «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды. Сыйлық тапсыру салтанатында Индия республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочіелі Елшісі К. П. Ш. Мейон мырза зайыбымен бірге болды.

Сахиб Синг-Сокхейге Халықаралық Сталиндік сыйлық лауреатының алтын медалі мен дипломын тапсырып, академик Д.В. Скобелцын оны жоғары наградамен шын жүректен құттықтады.

Советтік қоғам және ғылыми ұйымдардың өкілдері профессор Сокхейді шын жүректен құттықтап, сөз сөйледі. Академик Е.Н. Павловский, Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің председателі

нан өтіп жатса да, ол бұған төзімділік жасап жүр. Әрине, бұл сыяқты оқиқыларға еш уақытта да түзеге болмайды.

Июль, август, сентябрь айлары — шаруашылық жылдың шешуші айлары. Партия, совет ұйымдарының, колхоз, МТС, совхоз басшылары, бүкіл ауыл шаруашылығы қызметкерлері бұл айларда шаруашылықта орын тепкен кемшіліктерді дереу жойып, шаруашылық жылын табысты аяқтауға барлық мүмкіншілікті пайдалана білулері керек.

Көзіргі басты міндет — пар жұртуды тез аяқтау, егінді күту, жемшөп дайындау, мал қораларын жаңадан салу, жөндеу, егін жыйнауға әзірлік және басқа да шаруашылық жұмыстарды қызу қарқынмен жүргізу. Колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстардың барлығы да осы міндеттерді табысты орындаушы жолына бағытталуы керек.

Коммунистер, комсомолецтер және үгітшілер өздерінің жалынды үгітімен де, қажырлы еңбегімен де басқаларға үлгі көрсетуге тиіс. Олар июль Пленумының қаулысын еңбекшілерге жете түсіндіре отырып, еңбек өнімділігін арттыру жолында ұйымдастырушылық роль атқаратын болуы керек.

Ауыл шаруашылығы жұмыстарына жаңа табыстарға жетудің тағы да бір негізгі шарты — ғылымның, техниканың жаңалықтарын, озаттардың тәжірибелерін, өндіріске батыл енгізу. Сондықтан партия, совет ұйымдары шаруашылықтарға басшылық еткенде істің бұл саласына да үнемі көңіл бөліп, ғылымның, техниканың табыстарын және озаттардың тәжірибелерін өндіріске батыл енгізуге, шаруашылықтың барлық саласында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, жаппай өрлеу туғызуға міндетті.

ты, ол бізге керекті бөлшектердің жеткіліксіздігінен деп түсіндіруге тырысты. Бірақ бұл бөлшектердің жеткіліксіздігі рас. Бірақ, бұл толық себеп емес. Егер жөндеу жұмысында еңбек дұрыс ұйымдастырылса, онда жағдай бұдан, сөзсіз, басқаша болар еді. Комбайншылардың көмекшілері жөндеу ісіне қатыстырылмаған.

Жөндеушілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысы жүргізілмейді. Жөндеу маусымы басталғалы комбайншылар арасында еңгіме өткізу, газет, журналдар оқу жұмысы ұйымдастырылмаған.

Комбайншы Зиберт жолдаспен әңгімелескенімізде, партиялық-саяси жұмыстың жүргізілмегендігін, мұның өзі жөндеушілер арасында еңбек өнімділігінің төмен болуына негізгі себеп болып отырғандығын айтты.

Комбайн жөндеуді бұл сыяқты сылтабылықты МТС басшыларының жоқтың уақыты жетті.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Егіншіліктің мәдениетін көтеруде, қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда Октябрь және Преснов аудандарының еңбекшілері бір-бірімен социалистік жарысқа түсіп, өздеріне көтеріңкі міндеттемелер қабылдаған болатын. Аталған аудандардың көптеген колхозшылары СОИ Орталық Комитеті сентябрь және февраль-март Пленумдарының тарихи қаулыларын мінсіз жүзеге асыра отырып, көктемгі егісте айтарлықтай табыстарға ие болды. Егіс көлемі тың және тыңайған жерлер есебінен ұлғайды.

Алайда, көктемгі егіс жұмыстарының аяқталуы бұл аудандарды тұтас алғанда елеулі кемшіліктерге жол берілгендігін көрсетті. Бұл аудандардың колхоздары мен совхоздары тың және тыңайған жерлерді көптеп игеруге тиіс. Тек Октябрь ауданының өзінде ғана 270 мың гектардай тың көтеріледі. Осыған байланысты аудан МТС-тері мен совхоздары қуатты техникамен жабдықталды.

Бірақ, бұл аудандардың партия, совет ұйымдары мен колхоз, совхоз және МТС басшылары бай техниканы пайдалануда кемшіліктерге жол берді. Трактор және егіс бригадаларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы себепті көптеген тракторлар босқа қарап тұрды. Мұның ақыры аудандарда егіс жұмыстарының ұзаққа созылып, облыста төзгісіз артта қалуларына әкеліп соқты. Октябрь, Преснов аудандарының партия, совет ұйымдары көктемгі егісте орын алған кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, пар жұрту, егінді күту, мал азығын дайындау жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуына, мал басының көбейіп, өнімділігін арттыруға түсіне барлық жағдайларды туғызулары керек еді.

Атап айту керек, көзіргі ауылшаруашылық жұмыстарының барысы екі ауданның екеуінде де төзгісіз баяу. Октябрь ауданының МТС-тері мен совхоздарындағы тракторларға техникалық күтім уақытылы жүргізіліп, олардың қуаты дала жұмыстарына өнімді пайдаланылған болса, онда бұл уақытқа дейін аудан колхоздарында тың және тыңайған жерлерді жұрту жоспары толық орындалған болар еді. МТС басшылары трактор брига-

даны, оны орындау жолында аянбай еңбек етуде.

Быйыл біздің совхозда жаздық дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайтылды. Барлық дақылдар мерзімінен бұрын және жоғары агротехникалық дәрежеде егілді. Көзіргі оның шығымдылығы жақсы. Егінді міндет—егін оруға тыңғылықты әзірленіп, оны ысырапсыз мерзімінде жыйнап алу.

Мен жыл сайын комбайн жөндеуге ерте кірісіп, оны егін орағы басталғанға дейін сапалы дайындаймын. Соның нәтижесінде егін жыйнауға әр уақытта жаңа табыстарға ие болып келемін. Быйыл да комбайндарды ерте, сапалы жөндедім. Егінді мақсат—егін жыйнауға еңбек өнімділігін арттыру үшін комбайндардың күшін толық пайдалану, сөйтіп, егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнаудың барлық шараларын мүлтіксіз жүзеге асыру.

Жарысушы екі ауданда

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ КӨРСЕТКІШТЕР

10 июльдегі мәлімет бойынша

ОКтябрь ауданы	Преснов ауданы
72,1	71,4
42,0	36,0
34,7	30,9
50,3	47,5
31,5	49,6

даларында еңбек тәртібінің нашарлап кетуінен және техникалық жарамсыздықтан бірқатар тракторлардың босқа тұруына жол берді. Коновалов МТС-інде 2572 трактор жұмыс сменасы босқа өткен. Мұнда техникалық жарамсыздықтан ғана 1306 трактор жұмыс сменасында бірде-бір гектар жер жұмысталмады. Осы себепті де бұл МТС-те 10 мың гектардан астам тың және тыңайған жерлер жұртылан жоқ.

Октябрь ауданы малды ауданның бірінен саналады. Мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға қажетті жағдайлардың барлығы да бар. Бірақ, жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары басшыларының кінісінен бұл мүмкіншіліктер пайдаланылмай келеді. Колхоздарда мал басының өсуі қанағаттанғысыз. Ал, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі жоспар да айдан-айға орындалмайды.

Шөп шабуға техника күші мол. Осыған қарамастан мұнда мал азығын дайындау қарқыны өте-өте баяу. 10 июльге дейін аудан колхоздарында жоспар 34,7 процент ғана орындалды. Тіпті колхоз, МТС басшылары бұл уақытқа дейін 100-ге тарта шөп машиналарын жұмысқа қосуды қажет деп таппаған.

Егін жыйнау маусымының басталуына санаулы күндер қалды. Бірақ, МТС-терде комбайндарды жөндеу қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Ауданның төрт МТС-інде әді күнге дейін 105 комбайн жөндемеген. Бұл жұмыста төзгісіз артта

теуіне жетісемін. Күніне кемінде 21 сағат жұмыс істеп, 55-60 гектар егін жыйнауға жетісетін боламын.

Совхоз басшылары егін жыйнау маусымында бізге жыл сайын қажетті жағдайлар туғызуда. Көзіргі өзінде жағар, жанар майларын тасуға және басқа да жұмыстарға адамдарды жеткілікті мөлшерде бөліп отыр. Мұнымен бірге, агрегатқа бір жүк автомобилін берді. Агрегат мүшелері үш мезгіл ыстық аспен қамтамасыз етіледі. Сол сыяқты, жұмыстан бос уақыттарда олардың мәдениетті дем алуына да барлық жағдай туғызылады. Осының барлығы агрегат мүшелерінің алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында еңбек өнімділігін еселеп арттыруына қолайлы жағдай жасайды.

Ә. МӘДІБАЕВ,

Киров атындағы астық совхозының комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері.

ді өткізуге көмектесу үшін біртөп коммунистер мен комсомолецтер келді. Біздің агрегатқа ұйымдастырушы болып коммунист Афанасьев жолдас тағайындалды. Ол комбайн жөндеудің жайымен танысып, ұйымдастыру ісіндегі кейбір кемшіліктерді жоюға, менің және агрономның қатысуымен комбайнның маршрут жоспарын жасауға көмектесті.

Агрегат мүшелері ставропольдіктердің бастамасына үн қоса отырып, күй сайын егін жыйнауға екі норма орындауға, егіннің әрбір гектарынан кемінде 13—15 центнерден астық бастыруға міндеттенгенді. Бұл қабылданған міндеттемемізді мінсіз орындап шығамыз. Сөйтіп, бітік егінді ысырапсыз жыйнауға колхозшыларға нақтылы ісімізбен көмектесіп, астық өндірісін шұғыл өркендету күресіне өз үлестерімізді қосатын боламыз.

А. МАКСЮТА,

Шағлы МТС-нің комбайншысы.

тетінің МТС аймақтары жөніндегі топтарының қызметкерлері механизаторлардың социалистік жарыста алған міндеттемелерінің орындалуы жайымен танысу, ол міндеттемелердің сөзсіз орындалуына қолайлы жағдай туғызу мәселесімен шұғылданып орнына, шаруашылық жұмыстардың жайымен танысып, колхоз басшыларымен әңгімелесумен істі тындырады.

Преснов ауданында мал шаруашылығын өркендетуге барлық мүмкіншіліктер бар. Бірақ, мұнда жыл сайын мал азығының жеткіліксіздігінен көп мал шығын болып, өнімділігі төмендеуде. Быйыл шөп шабу тыңғылықты жүргізілуі керек еді. Бірақ, істің барысы бұлай емес. Колхоздарда шөп машиналарының бірқатары жұмысқа қатыстырылмаса, енді бір бөлігі техникалық жарамсыздықтан тоқтан тұрады.

Мұнда комбайндарды жөндеу жұмысының қарқыны да нашар. Ауданда 135 комбайн жөндеген жоқ. Преснов, Майбалық, Баян МТС-терінде көп комбайншылар жөндеу жұмыстарына қатыстырылмайды. Аталған МТС-терде комбайншы және олардың көмекшілері жетіспейді.

Жарысушы екі ауданның еңбекшілері өзара социалистік жарыста алған міндеттемелерін мінсіз жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылық жұмыстарын атқарудағы орын алған кемшіліктерді дереу жоюға тиіс. Олар әрбір колхоздың, МТС-тің және совхоздың егіншілікте дағдыры шешілетін кезең—егін жыйнауға тыңғылықты әзірлеуін, колхоздар мен совхоздарда астық қоймалары мен қырмандарының қурылыс жұмысы кең өріс алуы әрбір шаруашылықта мал азығының берік базасы жасалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жергілікті партия, совет ұйымдары социалистік жарыста озып келе жатқан шаруашылықтардың жеке адамдардың іс тәжірибелерін көпшілік игілігіне айналдыру арқылы жалпы аудан бойынша еңбек өрлеуін туғызуға, сөйтіп, үгітіміздегі жылды ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда табысты жыл етуге міндетті. Бұл СОИ Орталық Комитеті сентябрь, февраль-март және июль Пленумдарының қаулыларын орындау күресінде ілгері қдам басқандық болып табылады.

Үгітшіге көмек

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысы — ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің программасы

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» мәселе қарады.

Бұл тарихи документте Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылып жатқан ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету жөніндегі игі жұмыстың алғашқы қорытындылары жасалды.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің зор программасын жасап берді. Пленум егін шаруашылығын, әсіресе, аса бағалы азық-түліктік дақыл — бидай өндіруді ұлғайтуды аса маңызды міндет етіп қойды. Ауыл шаруашылығын тез қарқынмен өркендету халықтың күн сайын өсіп отырған өскелең тілегін қанағаттандыруға, олардың әл-ауқаты мен мәдени тұрмысын одан әрі жақсартуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Мұнымен бірге, сентябрь Пленумы мал шаруашылығын өркендету, картоп пен өсімдік дақылдарын көптеп өндіру міндетін қойды. Жүгері, тамыржеміс, картоп дақылдары егістің көлемін ұлғайтқан уақытта ғана қоғамдық малдың баеяз көбейтін, оның өнімділігін арттыруға болатынын атап көрсетті.

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумының қарарында бұдан бұрын сентябрь Пленумында қабылданған қарарындағы сыяқты, еліміздің ауыл шаруашылығын одан әрі өркендетудің, ауылшаруашылық өндірісін арттырудың аса маңызды шұғыл міндеттері алға қойылды.

Пленум астық өндіруді арттырудың анағұрлым қолайлы және жедел игерілетін қайнар бұлағы, егіннің шығындылығын арттырумен қатар, Қазақстанның, Батыс Сибирьдің, Уралдың, Поволженің сондай-ақ, Солтүстік Кавказдың және басқа кейбір аудандардың тың және тыңайған жерлерінде дәнді дақылдар егісінің көлемін ұлғайту болып табылатынын атап көрсетті. 13 миллионнан астам пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеріп, одан 1955 жылы 1100-1200 миллион пұт астық алу міндетін қойды. Үгітшідегі жылы тың жер игеретін аудандар бидай және тары егістерінің көлемін 2,3 миллион гектар, мұның ішінен совхоздар 1,8 миллион гектар ұлғайтады.

Біздің ауыл шаруашылығымыз Коммунистік партияның Орталық Комитетінің басшылығы арқасында мемлекеттен орасан зор көмек алып, айтарлықтай табыстарға жетіп келеді. Мұны СОКП Ор-

талық Комитетінің июнь Пленумы «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» мәселе қарады. Бұл тарихи документте Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылып жатқан ауыл шаруашылығын одан әрі өркендету жөніндегі игі жұмыстың алғашқы қорытындылары жасалды.

...Бүгінгі күні Кремльдің Үлкен Сарайының күмбездері астында: Коммунистік партия мен Совет үкметі бізге тапсырған жаңа, ұлы іске өзіміздің бүкіл комсомолдық жанымызды жүрегімізбен кірісуге біз салтанатты ант етеміз».

Тек қана біздің облысымызға жаңа жерлер игеру үшін 9 мыңға жуық жас патриоттар келді. Бұл күндері олар колхоздар мен совхоздардың егістік далаларында, шабындықтарында қажырлылықпен еңбек етіп, игі жұмыстың тамаша үгіткерін көрсетуде.

Қаладағы паровоз депоның комсомолдері мен жастары бұл игі істің тамаша бастаушылары болды. Депоның 50 комсомолец - жастары механизаторлар курсына баруға тілек білдірді. Бұл комсомолец-жастар облысымыздың барлық комсомолдері мен жастарын өздерінің бастамаларын қостауға шақырып, үндеу қабылдады. Деполықтардың үндеуін қаланың кәсіпорындарының, құрылыстарының комсомолец-жастары қызу қуаттады. Облыс бойынша механизаторлар курсына мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар оқуға түсті. Олардың көпшілігі өздері сүйген механизатор мамандығын ойдағыдай меңгеріп жаңа жерлерде сүйікті машинасымен жан аямай еңбек етіп жүр.

Одақ бойынша тың және тыңайған жерлерді игеріп, оған тұқым себудің былығы жоспары 2,3 миллион болса, ол 3,6 миллион гектар болып орындалды. Келесі жылдың егісі үшін тың және тыңайған жерлер есебінен пар көтеру жұмыстары да ойдағыдай жүргізілуде. Көзіргі уақытта Қазақ ССР-і бойынша 5 миллион гектардың және тыңайған жерлер көтерілді.

Ставропольден, Краснодар өлкесінен және басқа облыстар мен ірі қалалардан келген патриоттар көктемгі егіс кезінде, сондай-ақ, пар көтеру, шөп шабу маусымы күндерінде қажырлылықпен еңбек етіп, облыс еңбекшілерінің құрмет қоша-метіне бөленуде. Образцовая МТС-нің қамтуындағы «30 жылдық Қазақстан» колхозында жұмыс істейтін Попов жолдастың трактор бригадасы колхозбен жасасқан шарттағы алған міндеттемелерін орындау үшін 15 аттық

масы ғана. Көзіргі міндет біркелкі жайқалып өсіп келе жатқан егістік алаңдарды арампөтен тазартып, олардың өсуіне дұрыс жағдай туғызуға болып отыр. Егін күтуді үлгілі ұйымдастырмау одан мол өнім алуға керісінше әсер етеді, қоғамдық меншікке үлкен зиян келтіреді.

Өткен жылы кейбір колхоздар егін күту сыяқты маңызды іске жете көңіл бөлмей, одан аз өнім алды. Мәселен, Мамлют ауданындағы Чкалов атындағы колхоз 74 гектар егіс алаңына күнбағыс отырғызды. Бірақ, күнбағысты баптау-күту жұмыстарын ұйымдастырған жоқ. Осы себепті колхоз күнбағыстың әрбір гектарынан орта есеппен 90 килограмнан ғана өнім алды. Ал, күнбағыстың әрбір гектарынан ең кем дегенде 8 центнерден өнім алуға болатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Колхоз күнбағысты күтуге көңіл бөлмеуінің салдарынан 525,4 центнер өнімді кем алды. Ал, мұны ақшаға айналырғанда колхоз 157,6 мың сом зиян шекті.

Егінді күту сыяқты маңызды іске мән бермеу облысымыздың кейбір колхоздарында быйыл да орын алып келеді. Преснов ауданындағы «Прибой» колхозында шаршы-ұялау әдісімен отырғызылған күнбағысты арампөтен басып кеткен. Оны арампөтен тазартуға колхоз басқармасы ешқандай көңіл бөлмей отыр. Мұндай кемшіліктер Приешім, Совет, Булаев және басқа аудандардың колхоздарында да орын тебуде.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы егін күту жұмыстарына ерекше маңыз беріп, «Егінді күту жұмысы» толық мөлшерде және барлық егіс көлемінде жергілікті жағдайларға бейімдей белгіленген міндетті агротехникалық талаптарға әбден сай жүргізілсін» деп атап көрсетті. Басты міндет — егіннен мол өнім алудың аса маңызды шарты — егінді күту жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру болып табылады.

Бұл күндері облысымыздың колхоз, совхоздарында қоғамдық малға жемшөп әзірлеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Көктемгі егіс кездеріндегі сыяқты, шөп шабу маусымы күндерінде де ауыл шаруашылығының еңбекшілері еселеген қарқынмен еңбек етіп, жаңа табыстарға не болуда. Колхозшылар МТС-тің механизаторларымен ынтымақтаса жұмыс істей отырып, шөп шабуды егін орағына дейін аяқтауды ұйғарды. Преснов ауданының Ворошилов атындағы колхозында жұмыс істейтін кеңалымды шөп машинасының машинисі И. Камкин жолдас сменалық тапсырмасын үнемі 120-140 процент орындайды. Машинистер П. Елгин, Г. Севостьянов жолдастар және басқалары өз-

үлгілі жұмыс істеуді талап ететіні сөзсіз. Июнь Пленумы егін жыйнау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей комбайн агрегаттарын комбайншылармен, комбайншылардың көмекшілерімен, тракторшылармен, комбайндарды қамтуға керекті тұрақты құрамдағы колхозшылармен және жұмысшылармен толық қамтамасыз етіп, астықты кідіріссіз тасу үшін, жанар май мен суды жеткізу үшін қажетті транспорттарды бөлу міндетін қойды.

Өткен жылы егін жыйнау жұмыстары ұзаққа созылғандықтан бірқатар егістік алаңдар сабақта тұрып бүлінді. Жабық қырмандардың және қоймалардың жеткіліксіздігінен астық ашық алаңдарға төгілді. Мұндай жағдайларға ендігері жол бермеу мақсатымен июнь Пленумы егін орағына дейін жабық қырмандар мен қоймалар салуды талап етті. Мұнымен бірге Пленум қырмандарды астық тазалайтын қажетті машиналармен, астық кентіргіштермен жабдықтау міндетін жүзеге асыруды ұсынды.

Колхоздар мен совхоздар және МТС-тердің басшылары, партия, совет ұйымдары Пленум қойған талаптан тиісті қарыстың шығарып, қырмандарды еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикалаңдыруға, ауылшаруашылық озаттарының тәжірибесін кеңінен насихаттауға жете көңіл бөліп отыруға тиіс.

Коммунистік партия мен Совет үкметі колхозшылар мен механизаторлардың алауқатының, мәдени тұрмысының жақсаруына күнбе-күн көңіл бөліп отырады. Колхоздар мен колхозшылардың дәнді және майлы дақылдарды өндіруге материалдық ынталылығын арттыру мақсатымен 1954 жылдың өнімінен бастап, колхоздардың мемлекетке астық пен майлы дақылдар тұқымын міндетті түрде тапсыруының қолданылып келген нормалары кемітілді. Бұл дақылдарды мемлекетке сатып алу бағасының мөлшері көбейтілді. Мұнымен бірге июнь Пленумының қаулысы бойынша 1954 жылдан бастап, машина трактор және арнаулы станциялардың колхоздарда астық, майлы дақылдар егу жөніндегі жұмыстарына заттай ақы төлеу үшін әрбір аймақтар бойынша берік, дифференциалық мөлшерлері енгізілді.

Ауылшаруашылық өнімдерін міндетті түрде тапсыру мөлшерін белгілеудің гектарлық принципінен өрескел бұзушылықты және дайындауды жоспарлаудағы елеулі қателерді жою жөніндегі партия мен үкметіміздің жүргізген шаралары ауылшаруашылық өнімдерін арттырылған бағамен мемлекетке көптеп сатып алуға, ауылшаруашылық өндірісін өркендетуге, көл-

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыра берейік

★ СҮТ ФАБРИКАСЫ ★

Преснов совхозы облысымыздың ірі совхоздарының бірінен саналады. Соңғы жылдары совхоз коллективі әресе, мал шаруашылығын шұғыл өркендетуде игі нәтижелерге жетісті. Фермаларда мал басының өсуімен бірге, оның өнімі де арттырылды. Совхоз мемлекетке жыл сайын жүз мыңдаған центнер ет, май, сүт тапсырады.

Быйыл Преснов ауданының колхоздары мемлекетке сүтті өткен жылғыдан анағұрлым көп тапсырды. Соның өзінде совхоз сүтті ауданның барлық колхоздары тапсырған сүтті қоса есептегендегінен де артық дайындады. Совхоз малшылары өткен 6 айда әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1200 литрден астам сүт алды. Сыйырлардың сүттілігін арттыруда әресе, Шейн жолдас басқарған сауын сыйырлар табыны бригадасы алда келеді. Бұл бригаданың малшылары өткен жылдың алғашқы 6 айы ішінде әрбір сыйырдан алынған сүттен быйыл сол мерзім ішінде 300 литрден артық алып отыр. Ал озат сауыншылар 600-700 литрден артық сүт сауды.

Совхозда мұндай табысқа жетушілер көп. Соның нәтижесінде совхоз көзіргі өзінде өткен жылғыға қарағанда мемлекетке 200 мың литр сүтті артық тапсырды.

ТАБЫС КІЛТІ—МАЛ АЗЫҒЫНЫҢ БЕРІК ҚОРЫНЫҢ ЖАСАЛУЫНДА

Совхоз малшылары малдың қыс маусымында да сүтті болуына жетісіп отырады. Бұған себеп жылдан-жылға мал азығының, оның ішінде әресе, құнарлы жемшөп қорының жеткілікті мөлшерде дайындалуы. Мал азығының берік базасын жасауға совхоз огород бригадалары үнемі көмек көрсетуде. Мәселен, өткен жылы огород дақылдарының егіс көлемі екі есе ұлғайтылып, оның өнімділігі де екі есе арттырылды. Сөйтіп, өткен қыс әрбір сыйыр үшін дайындалған 100 центнер жемшөптің 75 центнері тамыржеміс дақылдары мен сүрленген шөп есебінен әзірленді.

Совхоз зоотехниктері мен мал дәрігерлері сыйырлардың сүттілігін арттыру мақсатымен өткен қыста жемшөп жұмсаудың нормасын жасады. Онда әрбір малдың салмақтылығына, қоңдылығына және тәуліктік сүт беруіне қарай оны азықтандыру рационасы белгіленді. Бұл норма ауа райының жағдайына, сыйырлардың сүттілігінің артуына қарай ай сайын өзгертіліп отырылады.

Бірақ малға жемшөпті норма бойынша жұмсауды жоспарлаумен іс бітпейді. Мәселе осы шараларды малшылардың дұрыс

СҮТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН КЕМІТУ

Коммунистік партия мен Совет үкметі еліміздің совхоздарының алдына мал өнімінің өзіндік құнын арзандату міндетін қойды. Бұл міндетті Преснов совхозының коллективі айрықша орындау жолында айналы жүресуде. Өнімінің өзіндік құнын кемітуде Шейн жолдас басқарған бригада мүшелері айтарлықтай табысқа жетіп келеді. Бұл бригаданың мүшелері екі жылдан бері сүттің өзіндік құнын мемлекеттік жоспарда белгіленген мөлшердегіден де арзандата түсті. Бұған бригада мүшелерінің сыйырлардың сүттілігін арттыру жөнінде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді мұқият қолдануы, өндіріске мал шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін кеңінен енгізуі қолайлы жағдай туғызды. Соны сыяқты, олар жыл бойы мал шаруашылығының барлық жұмыстарында үнемі де тәртібін сақтауды ойдағыдай жүзеге асырды.

Шейн жолдас басқарған бригада шаруашылық есепке қосылған. Жоспарлау, есеп жүргізу бригада бойынша ғана емес, сол сыяқты, әрбір сыйыр бойынша жүргізіледі. Әрбір сыйырдың күндік сүт өнімі, сүттің майлығы күнбе-күн есептеліп, жазылып отырылады. Мұнымен бірге, әрбір сыйырға жұмсалған еңбек есепке алынады.

Мұндағы сауыншылар сыйырларды сауар алдында оның желініне массаж жасайды. Қыста желінде жылы компресс қояды. Мұның өзі сүттің мөлшерін, майлығын арттыруға, сөйтіп, оның өзіндік құнының кемітуіне мүмкіндік туғызады. Бұрын сыйырларға концентратты сауар алдында беретін едік. Мұның сыйырлардың сүттілігін арттыруға пайдасы аз болды. Сауыншылар концентратты сауудан бұрын беруді ұйымдастырды. Бұл әдіс сүт мөлшерін молайтты.

Сыйырлардың құнарлылығын арттыру үшін жазғы мал жайылымын дұрыс пайдалана білу керек. Совхозда мал жайылымы әрбір участоктарға бөлінген. Участоктар жасаған жоспар бойынша пайдаланылады. Сыйырларды бағу тәулік бойы ұйымдастырылған. Мұның өзі сыйырлардың құнарлылығы арта түсуіне мүмкіндік беріп отыр. Сыйырлар үш мезгіл сауылады. Бұл да сүтті мол алуға негізгі себеп болды.

Өткен жылы гуртта әрбір сыйырдан орта есеппен 3303 литрден сүт алынып, алынған бұзаулар шығынсыз өсірілді. Мұнымен бірге әрбір центнер сүттің өзіндік құны 17 сом кеміген еді.

Гурт малшылары қол жеткен табысты баянды ете отырып үгітшідегі жылы әрбір центнер сүттің өзіндік құнын 20 сомнан кемітуге міндеттеме алып, оны жүзеге асыру үшін еңбек өнімділігін арттыруда. Бригада малшылары СОКП Орталық

қарарында келтірілген фактілердің өзінен-ақ анық көруге болады. Колхоз, совхоздар және МТС-тер быйыл көктемгі егісті ұйымшылдықпен өткізіп, оны қысқа мерзімде агротехникалық жоғары сапада салып шықты.

Көктем быйыл тым кешігін келді. Сәл себепті еліміздің бірқатар аудандары көктемгі егіске жылдағыдан кеш кірісті. Мәселен, біздің Солтүстік Қазақстан облысы көктемгі егісті тек 5 майдан ғана бастады. Ал, өткен жылдың дәл осы уақытында облыс бойынша жаздық бидайдың 40,4 проценті себілген еді. Бұған қарамастан, ауыл шаруашылығының еңбекшілері 20 жұмыс күні ішінде жаздық бидайды себуді негізінен аяқтады. Ал, өткен жылы көктемгі егіс 36 жұмыс күніне созылған еді.

Быйылғы көктемде еліміздің колхоздары мен совхоздары жаздық дақылдар егудің мемлекеттік жоспарын артығымен орындап, оны өткен жылдан 9,5 миллион гектар артық септі. Біздің облыс бойынша жаздық дақылдар егісінің көбеюі үетіміздегі жылы өткен жылдардан 170 мың гектар артты.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі септябрь және февраль-март Пленумдарының қаулыларын колхозшылар мен жұмысшылардың және интеллигенцияның қызу қолдағанын атап көрсетті. Олар партияның шақыруына үн қосып, тың және тыңайған жерлерді игеруге аттанды. Жаңа жерлерге еліміздің ірі қалалары мен кәсіпорындарынан, Москвадан, даңқты Ленин қаласынан, Кубанынан және басқа жерлерден 140 мыңнан астам адамдар келді.

Миллиондаған совет жастарының авангарды Ленин комсомолы партияның шақыруына дереу үн қосып, игілікті істің тамаша бастаушылары болды. Тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға жұмысқа баратын Москва қаласы мен Москва облысы комсомолдерінің жыйналысына қатысушылар Совет Одағының комсомолдері мен комсомолқаларына және жастарына үндеу қабылдап, онда былай деді:

«Жаңа жерлерді игеріп, қоныстанудың оңай болмайтынын біз білеміз. Алғашқы уақытта кездесетін қиыншылықтар аз болмайды. Бірақ, шөл даладағы қалалар алғашқы шатырдың төңірегінде орнап, өскен жоқ па еді. Амурдағы Комсомольскінің, Магнитогорскінің асқан алып су тораптарының алғашқы құрылысшылары

күші бар әрбір трактормен 526 гектар жер жұмыстады. Бригададағы озат механизатор Смирнов жолдас «С—80» тракторымен сменалық нормасын үнемі 150 проценттен орындап келеді. Ол осы жылдың 10 майынан 20 майға дейін, небары 10 күннің ішінде 1008 сом ақша, жарты тоннадан астам астық тапты.

Ал, Совет МТС-нің қамтуындағы «Борьба за коммунизм» колхозында жұмыс істейтін Игнатенко жолдасының трактор бригадасы трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 70 процент егін орындады. Бригада әрбір 15 аттық күші бар трактормен 432 гектар жер жұмыстады. Мұндай озат бригадалар облысымыздың колхоз, совхоздарында ондап саналады.

Коммунистік партия мен Совет үкметі жаңа жерлерді игеруге келген патриоттардың жұмыс істеуіне толық жағдай туғызып, оларды отандық қуатты техникамен толық қамтамасыз етті. Жаңа жерлерді игеріп жатқан МТС-тер мен совхоздарға осы көктемнің өзінде ғана 50 мың трактор (15 аттық күшімен есептегенде), 6300 жүк машинасын және басқа ауылшаруашылық машиналарын алды.

Ұлы Ленин бір кезде 100 мың тракторды арман етін еді. Көзір еліміздің ауыл шаруашылығында 1 миллионнан астам трактор (15 аттық күшімен есептегенде), 300 мыңға жуық астық бастыратын комбайндар жұмыс істейді.

Быйыл бұрын адам аяғы баспаған жаңа жерлерде 124 астық совхоздары ұйымдастырылды. Оның 12-сі біздің облысымыздың тың және тыңайған жерлерінде. Мемлекет жаңа совхоздардағы адамдарды тұрғын үйлермен қамту үшін 400 миллион сом қаржы, 250 мың текшеметр стандартты тұрғын үйлер бөлді.

Жаңа жерлерді игеру елімізде астық молшылығын жасауға, жеңіл өнеркәсібімізді шикізаттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тың жерлерге егілген дақылдардың шығымды болатынын облысымыздың кейбір колхоздарының тәжірибесінен көріп отырмыз. Соңғы жылдары Полудень, Соколов және Мамлют аудандарының бірқатар колхоздары егіннен тұрақты мол өнім алып келеді. Соколов ауданының Ленин атындағы колхозында жаздық бидайдың әрбір гектарынан 146 пұттан өнім алынды. Сол сыяқты, Бонюхов ауданының «Новый путь» колхозындағы Кулашкин жолдасының егіс бригадасы тың жерлерге себілген дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 180 пұттан өнім алды.

Көктемгі егіс үлкен жұмыстың баста-

ра орындауда. Колхозда шөп үр жұмыстары толық механикаландырылған. Шөл маялағыштың машинисі А. Спирин жолдас әрбір екі сағат сайын 60-70 центнер жемшөп үйеді. Шөпшілер мен механизаторлар егін орағы басталғанға дейін тіркемелі кеңалымды шөп машинасымен 1000 гектар, ал, колхозшылар ат шөп машинасымен 300 гектар алаңның шөпін шабуға, жазғы күндері мал фермаларының қасына жемшөптің 70 процентін тасуға міндеттенді. Көзір шөпшілер мен механизаторлар осы алған міндеттемелерін орындау жолында жан аямай еңбек етуде.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы: «Егін жыйнау ауыл шаруашылығындағы жұмыстың аса маңызды, қорытынды кезеңі болып табылады. Мемлекетке астықты және ауыл шаруашылығының басқа өнімдерін тапсыру жоспарының ойдағыдай орындалуы, колхоздар мен совхоздардың меншікті өте сапалы тұқыммен, қоғамдық мал үшін жеммен, құнарлы және жай жемшөппен қамтамасыз етілуі, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту және колхозшылардың материалдық әл-ауқатын арттыру барлық егін жыйнау жұмыстарын деркезінде және жоғары сапалы өткізуге байланысты» екенін атап көрсетті.

Еліміздің колхоз, совхоздарының және МТС-терінің егін орағына үлгілі өзінделуіне және егін жыйнау жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтап шығуына толық мүмкіншіліктері бар. МТС-тер мен совхоздарда 1954 жылдың егін жыйнауға дейін 350 мыңнан аса комбайндар, 33 мыңға жуық зығыр ұқалайтын машиналар мен зығыр жыйнайтын комбайндар, 11 мың қызылша жыйнайтын комбайндар, 24 мыңнан аса мақта жыйнайтын машиналар, 10 мыңға жуық картоп жыйнайтын комбайндар, көп мөлшерде дәп тазартатын және басқа машиналар мен механизмдер болады.

Машина трактор станцияларында, колхоздар мен совхоздарда осындай техниканы ойдағыдай меңгеріп, үнемді пайдаланатын тәжірибелі механизатор кадрлары жұмыс істейтін болады.

Біздің облыстың совхоздары мен МТС-терінде қысқа мерзім ішінде егін жыйнау жұмыстарын аяқтауға толық мүмкіншілік бар. МТС бойынша орта есеппен бір комбайн 338 гектар, ал, әрбір комбайнмен күніне 12 гектар алаңның егін орау керек. Бұл механизаторлардан

қорғаудың қажетті жағдай туғызды.

Пленум қаулысы бойынша өз міндеттемелерін орындаған колхоздарға 1954 жылдың өнімінен ауданның, облыстың астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын орындауына қарамай-ақ, мемлекетке астық сатуына рұқсат етіледі.

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері сентябрь және февраль-март Пленумдарының қарарлары сыяқты, СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының қарарын да еңбектегі асқан зор өрлеу үстінде қарсы алды. Олар Пленум қаулысына жауап ретінде өздеріне көтерілді міндеттемелер қабылдап, еңбек өнімділігін онан сайын арттыруда.

Интернационал МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Петр Пономаренко жолдас егін орағының алғашқы күндерінен бастап, тіркеудегі екі комбайнмен күні сайын 40-50 гектар алаңның егінін орауға, ал егін орағы аяқталғанға дейін 100 мың пұт астық бастыруға міндеттенді. Сол сыяқты, Полудень МТС-нің комбайншысы Александр Подуров жолдас та егін жыйнау жұмыстарын 18-20 жұмыс күні ішінде аяқтауға, бір комбайнмен 650 гектар егін орауға міндеттенді.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуісіне қала еңбекшілері де үлкен үлес қосуда. МТС-терде, колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеу үшін қаланың көптеген басын қызметкерлері, мамандары мен механизаторлары жіберілді. Ауыл-селода жұмыс істеуге тілек білдірген адамдардың саны күн сайын көбейе түсті. Көзірдің өзінде Петропавл қаласынан облысымыздың колхоз, совхоздарына 1700-ден астам адам жіберілді.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумының «Көктемгі егістің қорытындылары, егінді күту туралы, егін жыйнауға әзірлік және 1954 жылы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын орындауды қамтамасыз ету туралы» қаулысы — еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің зор программасы болып табылады. Пленум қойған міндеттерді жүзеге асыру елімізде астық молшылығын жасауға, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ә. НҰРМУХАМЕДОВ,

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының мүшесі.

орындауында. Сондықтан ауылшаруашылық маңды азықтандыруды зоотехниктермен ынтымақтаса отырып, алдын-ала жасалған жоспар бойынша жүргізу тәртібін мұқият жүзеге асырды. Мұның өзі қысқы маусымда сыйырлардың сүттілігі кемиді-міс деген теріс ұғымды жоққа шығарды. Совхоз мал өсірушілері сыйырды құнарлы азықпен дұрыс азықтандырып, олардың сүттілігі жаз айларындағы мөлшерінде сақталатынын өз тәжірибелерімен дәлелдеді.

Шөп шабу егін орағы басталғанға дейін аяқталады

Быйыл Сталин атындағы колхоз (Совет ауданы) жоспар бойынша 3550 гектар жердің пішенін шабуға, одан 28700 центнер жемшөп дайындауға тиіс. Мұнымен бірге, 200 гектар біржылдық екіне шөп жыйналып, 600 тонна шөп сүрленеді. Жоспар өткен жылғымен салыстырғанда анағұрлым артық. Бұл бидай шөмелді жұмыс істеуімізді керек етеді. Көзір біздің колхоздың колхозшылары мен трактор бригадасының механизаторлары жұмысты өзара ынтымақтаса істей отырып, пішен жыйнауды ұйымшылдықпен жүргізуде

Өздігінен жүретін шөп машиналарының және тракторға тіркелетін кеңалымды агрегаттардың машиналары пішен жыйнауға техниканы іскерлікпен пайдаланып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруда. Олар өзара социалистік жарысқа түсіп, көтеріңкі міндеттемелер алған болатын. Озат машинистер Давыденко, Артес жолдастар қажырлы еңбектерімен игі нәтижелерге жетісіп жүр. Давыденко жолдас күніне 30 гектар шабындықтың шөпін шабу орнына, күн сайын 40-45 гектардың шөбін шауып жүр. Ол 20 жұмыс күні ішінде 830 гектар жердің пішенін шапты.

Шабылған шөпті жыйнау, маядау жұмыстары да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Бұл жұмыстағы пішеншілердің барлығы да өздерінің күндік тапсырмаларын үнемі толық және артығымен орындайды. Мы-

Комитеті июнь Пленумының қаулысында мал шаруашылығын оңай әрі өркендету, оның ішінде әсіресе, сыйырлардың сүттілігін арттыру жөніндегі көрсетілген міндетті зор қуанышпен қарсы алып, өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей отырып, көтеріңкі міндеттемелер алды. Бұл күндері олар алған міндеттемелерін аброймен орындау жолында өзара социалистік жарысты зор күшпен өрістетіп, қажырлы еңбек етуде.

А. УАЛИЕВ.

салы, трактор тырнаушымен шөп жыйнаушы Иван Шетка жолдас күн сайын 60 гектар орнына, 70-80 гектар шөп жыйнайды. Жұмысты сапалы істеумен де, өзінің қажырлы еңбегімен де Иван Шетка колхозшылардың зор күрметіне бөленді.

Пішен дайындау жұмысындағы озат механизаторлардан колхозшылар да қалы сатын емес. Анна Гуполова, Мария Малая, Надежда Гончарова жолдастар шөп жыйнау, оны мал фермаларына тасуда тапсырманы екі есеге дейін орындайды. Пішеншілердің еңбек өнімділігі артуына колхоз басқармасы зор көңіл бөледі. Пішеншілерге үш мезгіл ыстық ас беріледі. Мұнымен бірге, олардың жұмыстар бос уақыттарында мәдениетті дем алуларына да қамқорлық жасалған.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумы қаулысында қоғамдық мал азығының берік қорын жасау — аса маңызды міндет екендігі атап көрсетілді. МТС механизаторлары мен колхозшылар өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей келіп, мал азығын дайындау жұмысын егін орағы басталғанға дейін аяқтауға міндеттенді. Бұл күндері колхоз пішеншілері және механизаторлары міндеттемені орындап шығу жолында қажырлы еңбек етуде.

Н. ЧУПРИН.
Шағыл МТС-нің пішеншілер бригадасының бригадирі.

ҚЫС ҚАМЫН ОЙЛАМАЙ ОТЫР

«Сталин жолы» ауылшаруашылық зртелі өткен жылы жемшөп дайындау жоспарын орындамады. Қысқы маусымда жемшөп тапшы болғандықтан колхоз мал қыстатуда қиыншылықтарға кездесті. Мал шығынына, оның өнімділігі кемуіне жол берілді. Соның салдарынан колхоз мемлекетке мал өнімін тапсырудың жылдық жоспарын орындай алмады. Колхоз басшылары өткен жылдың бұл кемшіліктерінен нақтылы қорытынды шығарып, мал азығының берік базасын жасауға барлық күш-мүмкіншілікті толық пайдалануға, колхозшыларды бұл жауапты науқанға теріс жұмылдыруға тиіс еді. Бірақ, істің көзіркі жағдайы керісінше болып отыр.

Колхозда шөп шабуға Преснов МТС-нің тарапынан екі өздігінен жүретін, 3 тракторға тіркелетін кеңалымды шөп машиналары мен басқа көптеген құрал-саймандар бөлінген-ді. Егерде бұл машиналар іскерлікпен пайдаланылған болса, онда пішен шабу жұмысының қарқыны анағұрлым артық болған болар еді.

Бірақ, колхоз басқармасының кінәсінен

бұл машиналар жұмысқа толық пайдаланылмай отыр. Бұған дәлел, пішеншілердің еңбек тәртібі нашар ұйымдастырылуы. Шөп дайындауда жүрген колхозшылар жұмысты кеш бастап, ерте аяқтауды өдетке айналдырған. Бұл жағдай әсіресе, № 2 дала бригадасында орын алған. Бұл бригаданың бригадирі Еңсегенов жолдас «пішен дайындауды үлгереміз, күн жетеді ғой», деген желеуді бетке ұстайды. Осындай жайбарақаттықтың орын алуынан колхоз шөп шабуға төзгісіз арта қалып келеді.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы қоғамдық малды жемшөп қорымен қамтамасыз ету міндетін қойды. Сондықтан бұл колхоздың басшылары пішен дайындау жұмысындағы оқалықтан нақтылы қорытынды шығарып, мал азығының берік базасын жасау мақсатымен пішеншілердің еңбек өнімділігін арттыра беруге жетісуге міндетті.

М. ӘКІМЖАНОВ.
Преснов ауданы, «Сталин жолы» колхозы.

Комсомолдардың

АҚМОЛА, (ҚазТАГ). Жаңа жерлерді игеруге Украинадан келген көптеген патриоттар Балхашин МТС-інде жұмыс істейді. Олар мастерской үшін фрезер станогін дайындап беруді өтініп Киевтің «Красный пролетарий» станок жасау зауытының жас жұмысшылары алдына тілек қойды. Киевтен МТС адресіне бұл станок көзірдің өзінде келді. Оны жұмыстан бос уақытта үнемделген металдан комсомолдер дайындаған.

«Заводтың әрбір жас жұмысшысы, —

достық сыйлығы

деп жазады Киев комсомолдері механизаторларға, жаңа жерлерді игеруші біздің жерлеріміз үшін станок дайындауға қатысуды өзі үшін үлкен аброй деп есептеді. Біздің комсомолдық достық сыйлығымызды қабыл алыңыздар. Жаңа жерлерді игеру жөніндегі тапсырманы орындауда Сіздердің табысқа жетулеріңізге тілектеспіз».

Станок жасаушылар талудағы уақытта МТС үшін металл өңдейтін тағы да бір станок дайындап беруге серт беріп отыр.

Оралды қаһармандықпен қорғаудың 35 жылдығы

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Бұдан 35 жыл бұрын 1919 жылғы 11 июльде Чапаевтың даңқты 25-ші атқыштар дивизиясы Оралға кірді. Жаудың қоршауын бұзып өтіп, ол ұзақ уақыт қоршауға төзімділік жасаған Оралды қаһармандықпен қоршаушыларға көмекке келді.

Оралды азат етудің тарихи күнін Батыс Қазақстанның еңбекшілері жеңінен атап өтуде. Жергілікті баспасөзде қаһармандықпен қорғау туралы мақалалар жарияланды. Өлкетану музейі «Оралды

қорғаудың 35 жылдығы» тақырыбына көрме ұйымдастырды.

Көрме экспонаттарының ішінде В.И. Лениннің 1919 жылғы 16 июльде Оңтүстік тоңтық қолбасшысы М.В. Фрунзеге берген «Оралдың жолдастарға, қоршауға алынған Оралды 50 күн бойына қорған батырларға менің жалынды сәлемімді, еңсесін түсірмеуді, енді бір аз апта қалып қолда ұстап тұруың сұрайтынымды тапсыруды өтінемін. Оралды қорғаудың батырлық ісі табыспен аяқталады» деген телеграммасы бар.

Жамбыл атындағы жаңа совхозда

Молали және Суаткөл көлдерінің маңы Преснов ауданындағы табиғаты сулу, өсімдікке бай жердің бірі. Жұтса тоймайтын көш иеті таза ауа, көл маңайына өскен алқызыл гүлдер мен көкөрай шабындықтар адам ынтасын өзіне тартып, қараса көз тұндырады. Екі көлдің аралығында атжал болып мәуелен өскен қайың, терек, шырша және шие ағаштары оңсыз да тажан табиғат пейзажын онан сайын көріктендіре түседі.

Осы уақытқа дейін бұл арада ешқандай адам баласы мекендеген жоқ. Тек быйылғы жазда ғана көл аралығындағы атжал болып өскен жасыл жапырақты ағаштың екі жағын қуалай, көше болып үйлер салына бастады. Бұл күндері салынған 8 пәтерлі, 4 пәтерлі құрама үйлердің саны көбейіп, кішігірім поселкеге айналды. Бұл — Жамбыл атындағы жаңа ұйымдастырылған астық совхозының орталық усадьбасы.

Кәзіргі 20-ға жуық үйден құралған шарың поселка ертең бұдан да өсіп, көркейе түспек. Совхоз жұмысшылары тұратын тұрғын үйлердің саны көбейеді. Енді біраз уақыттан кейін емхана, асхана, мектеп және басқа қоғамдық үйлердің құрылыс жұмыстары аяқталады. Бір кезде адам мекендемеген жаңа жерлерде бірер жылдан кейін үлкен астық фабрикасының мәдениет орталығы пайда болады.

Екі көл қойнауындағы жасыл орман келешекте совхоз жұмысшыларының мәдениетті түрде дем алатын орнына айналады. Мұнда совхоздың мәдениет және демалыс паркі болады. Орталық усадьбадан күн шығысқа қарай бірер километрдей жүрген кезде алдында шоқ ағаш кездеседі. Бұл ағаштың бауырында совхоздың жанар, жағар майларын сақтайтын базасы салынып жатыр. Одан әрі сәл ілгері жүрсен, совхоздың жеңіл және жүк машиналары тұратын гараж құрылысына кездесесің.

Бұл күндері совхозда құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Совхоздың партия ұйымы, дирекциясы және жергілікті комитеті жұмысшылар мен қызметшілердің өздеріне жекеменшік тұрғын үйлер салып алуына үнемі материалдық көмек көрсетіп келеді. Кәзірдің өзінде совхозда 20-ға жуық 8 пәтерлі, 4 пәтерлі тұрғын үйлер дайын болып, оған көптеген жұмысшы семьялары көшіп алды. Мұның үстіне партияның шақыруы бойынша облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруге келген адамдар өздеріне жекеменшік үйлер сала бастады.

Жаңа совхозда қоғамдық мал шаруашылығы да өркендеп келеді. Мал шаруашылығын өркендетуде бұрынғы совхоздар мен колхоздар, жаңа ұйымдастырылған Жамбыл атындағы совхозға өздерінің достық көмегін көрсетуде. Жақында Явленка совхозы Жамбыл атындағы совхозға 51 жылқы және сауын сыйырлар жіберді. Енді аз уақыттан кейін совхоз Явленка совхозынан тағы да 90 өгіз алады. Ал, Жамбыл атындағы колхоздың құрылысшылар бригадасы совхозға 50 бастық атқора салып берді. Мұның бәрі совхозда қоғамдық малдың басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға өзінің айтарлықтай әсерін тигізуде.

Совхоз қоғамдық малға жемшөп дайындау жұмыстарын да қызу жүргізуде. Мұнымен бірге, совхоз бойынша келесі жылдың егісі үшін 6 мың гектардан астам пар жыртылды. Совхоз механизаторлары осы жылы тағы да 10 мың гектар алаңның нарын жыртыуды жоспарлап отыр.


СОШ Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысын совхоздың жұмысшылары мен қызметшілері зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Патриоттар пәнем қаулысына жауап ретінде өздеріне жаңа міндеттемелер қабылдап, социалистік жарысқа ұштасты. Кәзір олар осы қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындау жолында қажырлықпен еңбек етуде.

— Біз партияның шақыруы бойынша бұрын пайдаланылмай жатқан жаңа жерлерді игеруге келдік. Мемлекет бізді отандық жаңа техникамен және басқа мұқтажымызбен толық қамтамасыз етуде. Енді жұмыс қарқынын өрістетуді өзімізге байланысты. Біздің алдымызда әлі де болса, бірталай қиыншылықтар кездеседі. Өйткені, бұрын адам аяғы баспаған тың жерлерде жаңадан астық фабрикасын салу оңайлыққа түспейді. Бірақ, біз совет адамдары, қандай қиыншылықтарды болсын, жеңіп шығамыз. Мыңдаған гектар тың және тыңайған жерді игеріп, елімізде астық өнімін молайтуға өз үлесімізді қосамыз. Совхоз орталығын мәдениетті көркем поселкаға айналдырамыз. Сөйтіп, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің туысқандық қамқорлығына өзіміздің еңбектегі жаңа табыстарымызбен жауап береміз, — дейді олар.

С. ШАЛАБАЕВ,

Преснов ауданы, Жамбыл атындағы жаңадан ұйымдастырылған астық совхозы.

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА



Вагоншылар табысы

Петропавл жол торабының вагоншылары дәстүрлі Бүкілодақтық теміржолшылар Күнін лайықты табыстармен қарсы алу үшін еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Вагоншылар күрделі жөндеудің жоспарын 17 июньде орындап, кәзір жоспардан тыс вагондар жөндеуде.

Вагондарды күрделі жөндеудің цех коллективі еңбек өнімділігін еселеп арттырумен бірге жөндеу сапасына да жете назар аударып келеді. Мұнда цех партия ұйымы социалистік жарысқа үнемі көңіл бөліп, алынған міндеттемелердің орындалуын бақылап отырады. Осының нәтижесінде цех коллективінде жөндеу сапасы үшін күрес дұрыс ұйымдастырылған. Сондықтан, цех адамдары вагондардың 59,5 процентін өте жақсы деген бағамен жөндеуден өткізіп, жаңа өндірістік табысқа ие болды. Сол сияқты, вагондарды іжай жөндеу де ойдағыдай жүргізіліп, жоспар артығымен орындалды.

Цех адамдары ағаш материалдары мен бояуды үнемдеу үшін де күресуде. Ал, ескі бөлшектерді жөндеу — 29 вагонды күрделі жөндеуден, жылдық жоспарда көрсетілген вагондар ішінен 9 вагонды іжай жөндеуден өткізуге мүмкіншілік берді.

Халық шаруашылығына қажетті жүктерді, әсіресе, халық тұтынатын товарларды тасу ісін қамтамасыз ету үшін вагондардың техникалық бақылау пунктінде қызметкерлері өз жұмыстарын жақсартта түсті. Вагон бақылаушыларының ішінде Трегубенко жолдас

талл балқытушы Иванов, механика цехының токарі Воротынцев және басқа жолдастар уақытты тиімді пайдаланып, сменалық нормаларын үнемі асыра орындап жүр.

Вагон депосында өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін насихаттауға партия, комсомол ұйымдары назар аударып отырады. Социалистік жарыста озып шыққандарға арналып, комсомолец жастардың үш рет кеші өткізілді. Снда жолаушылар вагондары паркінде істейтін комсомол жастар сменасының жетекшісі Емельянов жолдас баяндама жасады.

Д. СЕРҒАЗИНА.

Ауыр жүк тиелген поездар

Петропавл жол торабының аға машинисі Маниннің бастамасы бойынша ауыр жүк тиелген поездарды алып жүрушілердің саны көбейіп келеді.

Комсомолец Мовган жолдас бастаған комсомолец жастардың паровоз бригадасы Маниннің бастамасын қолдай отырып, июнь айының екінші жартысында ауыр жүк тиелген 25 поезд алып жүруді қамтамасыз етті. Сөйтіп, жас паровозшылар жоспардан тыс 14921 тонна жүк тасып, көрнекті табысқа ие болды. Мұнда комсомолец жастар бригадасы өздерінің әрбір кезекшілігінде поездардың жартысына жуығын шапшаңдатылған әдіспен жүргізуге қосымша міндеттеме алды. Кәзір бригада алған міндеттемесін аброймен орындап келеді.

С. БАТАЛОВ

Қазақ ССР Оқу министрлігінде

Қазақ ССР-нің Алматы қаласының және басқа да қалаларының мектептерінде қыздар мен балаларды бірге оқытуды енгізу туралы

Қазақ ССР-нің Алматы қаласының және басқа да қалаларының мектептерінде 1954—55 оқу жылынан бастап қыздар мен балаларды бірге оқыту тәртібі енгізіледі.

Ер балалар мен қыздар мектептерінің оқушыларын біріктіру қоса есептегенде 1 кластан 9 класқа дейін жүргізіледі. 1954—55 оқу жылында X кластағылар бұрынғысына жеке-жеке — қыздар бір бөлек, ер балалар бір бөлек оқиды.

Қазақ ССР Оқу министрлігі халық ағарту орындарын оқушыларды біріктірі-

ген кезде мектеп оқушыларын бұрын олардың қандай шетел тілін үйреніп жүргенін ескеріп орналастыруды қозғалуға міндеттеді, кластарды шетел тілі сабағында кіші топтарға бөлуге ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

Аудандық халық ағарту бөлімдеріне әрбір қалалық мектепті қамтытын ең кішкентай аудандарын жалпыға бірдей міндетті орта білім алуды қамтамасыз етуді ескере отырып, жоспарлауды ұсынды.

Ауыл-селоларды көркейтуге баса көңіл бөлінсін

Коммунистік партияның күнбе-күн жатсап отырған орасан зор әжелік қамқорлығының арқасында совет халқының ал-ауқаты жылдан-жылға жақсарып, мәдениеті гүлденіп өсіп келеді.

Еліміздің сан мыңдаған ауыл-селоларындай, Соколовка селосының бейнесі көз тартарлықтай көркем. Қатар түзеген әдемі үйлер, қоғалдандырылған көшелер, мәдениетті тұратынын аңғартқандай. Соколовка селосында өткен жылдың өзінде аудандық оқу үйі, нан пісіретін орын, фотография үйі салынып, пайдалануға берілді.

Соңғы жылдарда ауыл-селоларды көркейту Соколов ауданының көп колхоздарында қызу қолға алынып, бірқатар нәтижелі жұмыстар істелді. «Виноградовка», «Большая — Малышка» селоларында өткен жылы жаңадан клуб үйлері салынып, толық жабдықталды. Бұл клуб үйлері колхозшылардың күндізгі қызу еңбек майданынан оралғаннан кейін, мәдениетті дем алатын орындарына айналды. Клубтарда жиі-жиі кинокартиналар көрсетіліп, ауыл-село көркемөнерпаздарының концерттері қойылып көрсетіліп тұрады. Сол сияқты, мектеп үйлерін жаңадан салу, ескі мектептерді жөндеу жұмыстары да жыл сайын жүргізіліп отырылады.

Үстіміздегі жылғы июнь айында Петропавл ауданындағы Новопаплов селолық Советінің депутаттары мен активтерінің елді пункттерді көркейту жөніндегі үндеуін, ауданның барлық еңбекшілері өздерінің жиыналыстарында талқылап, туған селоларын бұрынғыдан да жақсы көркейту берудің нақтылы шараларын белгілеген болатын.

Елді пункттерді көркейту жұмыстарын ерте бастан қолға алған колхоздар кәзіргі өзінде біраз жұмыстар істеді. Қалин атындағы колхозда (президенті Золотарев жолдас) колхозшыларға тұрғын үйлер салу жұмыстарын ерте бастаған еді. Соның нәтижесінде кәзір 17 тұрғын үй салынып бітті. Ал, 20-ға жуық тұрғын үй жақында салынып бітеді.

Бұл күндері колхозшылар жаңа үйлерге көшіп орналасуда. Жаңа үйлерге көш-

Колхозда мал қораларын салу жұмыстары да қызу қарқынмен жүргізілуде. Мұнда соңғы айлардың өзінде екі ірі қарамал қорасы салынды. Бұлардың әрқайсысы 150 бас мал сыярылық. Ескірген мал қораларын жаңарту және кеңейту жұмыстары да аяқталуға жуық.

Сол сияқты, «Победа» колхозында да 7 колхозшының тұрғын үйі салынып бітті. Ал, 5 колхозшы үйі жақында салынып бітпек. Колхоздың құрылыс бригадасы үйлерді күрделі және жеңіл жөндеуден өткізу, мал қораларын салу, астық қоймаларын жабдықтау жұмыстарын да ойдағыдай жүргізуде. Дегенмен, ауылды-селоларды көркейту, құрылыс жұмыстарын тез және сапалы аяқтау ісі ауданның барлық колхоздарында жақсы жүргізіліп жатыр деп айтуға болмайды. Бірқатар селолық Советтер мен колхоздардың басшылары ауыл-селоны көркейтуге әлі де болса неміқрайды қарап, бұл маңызды іске шыңдан мән бермей отыр.

Осы аудандағы Вагулин селолық Советі (президенті Лавров), Қазақстан атындағы колхоз (президенті Сейітов) жолдастар ауыл-селоларды көркейту, құрылыс жұмыстарын дұрыс жолға қою жөніндегі колхозшылардың орынды тілектеріне құлақ аспай келеді. Бұрынғы озат колхозшы, кәзір аурудығы себепті еңбекке қатыса алмай отырған Беснятованың тұрғын үйін жөндеуге облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі қаржы бөлгелі жылдан асты. Колхоз бұл қаржымен Беснятованың үйін жабдықтап беруге міндеттенген еді.

Аудандағы «Заря коммунизма» колхозы (президенті Алексеев), «Путь коммунизма» колхозы (президенті Захаров), «Путь Ильича» колхозында (президенті Дранев) ауылды-селоны көркейту, колхозшылардың мәдени тілегін өтеу ісін колхоз басшылары өз дәрежесінде ұйымдастыра алмай-ақ келеді.

Соколов ауданында жұмыстың бұл саласында кездесіп отырған елеулі кемшіліктердің бірі — МТС жұмысшылары және оқытушы кадрлар, ауылшаруашылық мамандары, тұрғын үйлермен қамтамасыз етілмей келеді. Ендігі жерде бұл жұмыс-

Колөнер училищелерінде емтихан басталды

15 июльде қаладағы колөнер және темір жол училищелерінде бітіру емтиханы басталды. Біздің тілшімізбен әңгімелескенде №20 колөнер училищесінің директоры С. Кобзев жолдас мынаны айтты: — Біздің училищелімізде — үлкен оқығаша: училище оқушыларын бітіру емтихандарын

кәсіпорындары болашақ жас мамандарға өте жақсы міндеттемелер беріп, оларға бесінші разрядтың токарі деген атақты беруге ұсынып отыр.

Өндірістік оқудың мастері А. Бережнев жолдас бастаған фрезеровщиктер тобы бітіру емтиханның екінші кезекте бермек-

лары және оқушылары бұл күнді үлкен қуанышпен күткен еді.

Бірінші болып Н. Столярев жолдас басқарған токарлар тобы сынақ жұмысынан өтеді. Болашақ токарлар кәсіпхан беру жұмысына жақсы әзірлігімен келді. Кәсіп-орындарында өндірістік практикада болған кездерінде училищенің оқушылары жоғары бағаға ие болды. Олар кезіңнің өзінде-ақ ересек жұмысшылардың нормасы бойынша жұмыс істеп, өндірістік тапсырманы 120-160 проценттен асыра орындауда.

Оқу үлгеруде де, заводта өткен өндірістік тәжірибеде де Р. Ибрагимов, П. Филиппов, А. Усанин, Н. Иванова және басқалары ең таңдаулы оқушылар болып есептеледі. Олар өндірістік тәжірибеде болған

ұста, электр қуатымен болат балқытушы және фрезеровщик мамандығын меңгерген 125 жас жұмысшы Петропавл кәсіпорындарына және Ақмоладағы ауылшаруашылық машина құрылысының зауыдына жіберіледі.

15-ші июльде училищеді көптеген оқушылар сын жұмысынан өтіп, екінші курске көшу жұмысы аяқталады. Алдың-ала алған мәліметтерімізге қарағанда, барлық оқушылар курстан жүрсекә көпшіріледі.

Училище өзінің өңкылдық өндірістік өмірінің ішінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін сауатты, кәсіпорындарында тікелей өндірістік тәжірибелерден өткізілген 1435 мамандар даярлады.

Жаңа құрылыстар

Преснов ауданының Аманкелді атындағы колхозында құрылыс жұмыстары қызу жүргізілуде. Колхозда құрамында 7 адамы бар құрылыс бригадасы құрылған. Бригаданы коммунист Н. Хасенов жолдас басқарады.

Жуықта құрылыс бригадасы 4 мың центнер астық сыятын қойма салуы аяқтады. Кәзір жүз бастық стандартты сыйыр қорасын салуға кірісті. Бұл колхоздағы үшінші стандартты қора.

бастаған емен, ағаштардың мөлдерді орындауда алда келеді. Одан Емельянов жолдас басқаратын комсомол-жастар бригадасы да қалысатын емес.

Вагон бақылаушыларының ішінде Манаков, коммунист Райков, бақылаушы автоматчиктер Березин, Храмов жолдасар ұқыптылықтың, жауапкершіліктің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр.

Жөндеу цехының жұмысшысы Рыбалов, электр қуатымен ме-

Шығыс паркінің кезекшісі.

Петропавл паровоз депосының тскари А. Третьяков теміржолшылар Күнін лайықты өндірістік табыстармен арсы алу жолындағы социалистік жарысқа қосылып, смена сайын нормасын 240—250 процент орындап жүр.

СУРЕТТЕ: А. Третьяков паровоз білігін жөндеу үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Алғашқы астық—мемлекетке

ОРАЛ (ҚазТАГ). Зеленов ауданындағы Лениң атындағы колхозда күздік қара бидайды жыйнау басталды. Шаған МТС-нің комбайншысы Борис Кулагин алғашқы күні «Сталинец-6» комбайнымен 40 гектар егін жыйнап, әрбір гектардан 13 центнерден астық бастырды. Ол бастырған ондаған центнер астық сол күні-ақ Ростовинск дайындау пунктіне жеткізілді.

Жаңа егіннің астығы тиелген алғашқы автомобиль колонналары Оралдың дайындау пунктіне келді. Чапаев совхозының қызметкерлері мұнда 200 центнер астық алып келді. Чапаев ауданының Сталин атындағы, Куйбышев атындағы, «Алғабас» колхоздары мемлекетке астық тапсырып жатыр.

БИБЛИОГРАФИЯ

Капитал дүниесін әшкерелейтін кітапша

Адамзаттың үштен екі бөлегі күні осы уақытқа дейін капиталистік құлдықта отыр. Жүз мыңдаған еңбекшілер аттөбеліндей шонжарлардың қатал қанауына тап болып, ыза шегуде. Капитал елдерінде әлде қанша адыра қалатын қарым-қатыс әлі де үстем: оларда барлық дәулет қоғамдық еңбекпен жасалғанымен, ол қоғам мүддесіне емес, жатыншытер қанаушылар мүддесіне пайдаланылады. Сонымен кәзіргі капитализм—монополиялық капитализм, анағұрлым жыртықш капитализм. Өйткені, капиталистердің барлық көздейтіні тек пайданың орта нормасы емес, оның орнына барынша көп пайда табу.

И.В. Сталин кәзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңын былайша тұжырымдаған болатын: «...белгілі бір елдің халқының көпшілігін қанау, күйзелту және қайыршыландыру жолымен, басқа елдердің, әсіресе, артта қалған елдердің халықтарын құлдыққа салу және үнемі тонау жолымен, ақырында, ең көп пайда түсіруді қамтамасыз етуге пайдаланылатын соғыстар жүргізу және халық шаруашылығын милитарландыру жолымен барынша көп капиталистік пайданы қамтамасыз ету». («ССР Одағындағы социализмнің экономикалық проблемалары» қазақшасы, 40-41 беттер).

Жуырда мемлекеттік саяси баспа басып, жарыққа шығарған «Капитализм дүниесі—еңбекшілерді қайыршыландыру және қанау дүниесі» деген кітапша кәзіргі капитализмнің осы бет бейнесін әшкерелеуге арналған. Бұл мақсатта автор мейлінше толық ешкім өтірікке шығара алмайтын материалдарға сүйенген.

*«Капитализм дүниесі—еңбекшілерді қайыршыландыру және қанау дүниесі». Мемлекеттік саяси баспа, В. Боровский, орыс тілінде 1954 жылы басылып шыққан.

Автор келтірген мысалдардың көпшілігі Америка капиталының бет пердесін жүзліп тастайды. Демек, АҚШ-тың барлық экономикасын, оның саяси өмірін финанш шонжарлары—аттөбеліндей миллиардерлер, өзара туысқандық немесе финанстық дәнекерлер арқылы байланысты семья топтары ғана басқарады. Елде өкмет билігі мортандардың, рокфеллерлердің, дюпондар мен беллондардың қолдарында. Ал, банктердің, банк трестерінің және корпорациялардың орталығы болып отырған Уолл-стрит капиталистік монополия диктатурасының айғағы.

Мұндай реакцияшы топтардың ішкі саясаты, деп атап көрсетілген кітапшада, еңбекшілердің қарсыласуын түншықтыруға, оларды қанауды күшейтуге, демократиялық және прогресшіл күштерді тежеп, жаныштауға бағытталған. Ал, сыртқы саясатқа келетін болсақ, оның мақсаты: американы монополиясының жаңа рыноктарға ие болуын, американы империалистерінің басқа мемлекеттерді экономика және саясат жағынан құлдауын, жаңа соғыс өртің тұтатуын қамтамасыз ету болып отыр. Өйткені, дюпондардың, рокфеллерлердің, мортандардың және басқаларының барынша көп капиталистік пайда табуға қолайлы деп таңдап алған «төте жолдары» осылар.

Кітапшаның авторы американы монополияларының табысы жылдан-жылға шапшаң көбейіп отырғандығына тоқтала келіп, мына жаиды көрсетеді. 1953 жылдың өзінде-ақ Дюпонның концерні 230 миллион доллар жаңа пайда тапты. Бұл 1943 жылдарыдан 3,5 есе артық. Мортандың «Дженерал электрик» компаниясының 1953 жылғы таза пайдасы 155 миллион доллар, ал оның екінші бір компаниясының пайдасының мөлшері 1943 жылдарыдан 3,5 есе артық.

Монополистерге мұншалықты көп пайда

келтіріп отырған не? Бұл—АҚШ-тың және басқа да капиталистік елдердің еңбекшілерін аяусыз қанаушылықтың, оларға түрелдей алым-салық ауыртпалығын түсірудің салдары. Мұның ақыры капиталистік елдерде еңбекшілердің күйзелуіне және қайыршылануына әкеліп соғып отырғандығы даусыз. Автор бұл пікірді дәлелдейтін айғақты мәліметтер келтірген.

Мәселен, АҚШ-тың өнеркәсіпіндегі жұмысшылардың нақтылы жалақысы 1944 жылмен 1949 жылдың арасында 30 процент кеміді. Еңбекшілердің тұрмыс халі 1949 жылдан кейін де онала қойған жоқ. Алым-салық мөлшері көбейді. 1952 жылы жұмысшылардың жалақысының 9-10 проценті түскен алым-салық өтеуге кетті.

Жұмысшылардың нақтылы жалақысы мөлшерінің азаюының салдары қандай? Кітапша бұл сұраққа былай жауап береді: американы пролетарлары әдеттегі жұмыс күні аяқталғаннан кейін тағы да өндірісте қалып жұмыс істеуге, сөйтіп, шаршап-шалдыққанына қарамастан, күн көрістің амалын жасауға мәжбүр. Осы себептен, балалар иелілері мен бақшаларының жоқтығына қарамастан, миллиондаған жұмысшылардың әйелдері де жан сақтау амалын іздейтреді.

Капитал елдеріне жұмысшылардың нақтылы жалақысының үздіксіз төмендеуі ғана тән емес, сондай-ақ оларда жұмысшы табын қайыршыландыратын басқа да топтың жатқан себептер бар. Олардың бастылары—еңбектегі қарбаластық, жұмыссыздықтың төнуі, қартайған жұмысшыларға ешқандай көмек көрсетілмеуі, тұрғын үй жайының нашарлығы болып саналады.

Ал, бұл жағдай АҚШ-тың реакцияшы топтары үшін өте пайдалы көрінеді. Олар осы жағдайды пайдаланып, жұмысшы табына қысым жасайды, оларды өздеріне мейлінше тиімді шартпен, қандай да бол-

сын жағдайда еңбектенуге, сол арқылы капиталистікке көп пайда келтіруге мәжбүр етеді.

Есі-дерті мол пайда болатын капиталистердің жұмысшылардың денсаулығы үшін, өмірі үшін, аса қам жей қоймайтындығы кітапшада ерекше әшкерелене түседі. Бұған қоса, әсіресе, АҚШ-та ұлттық кемсітушілік және әйелдердің еңбегін төмен бағалаушылық мүлдем етек алған. Мұның барлығы капиталистерге пайда келтіретін «қайнар бұлақтар». Мәселен, американы монополистері әйелдердің еңбегін төмен бағалау арқылы 1950 жылдың өзінде ғана қосымша 5400 миллион доллар пайда тапқан. Жасөспірім балалардың еңбегін төмен бағалау арқылы оларды қанау, төзбестік жұмыс жағдайымен олардың қыршынын қыю жалғыз АҚШ емес, барлық капиталистік елдерге тән іс.

Американы фермерлерінің халі нешік? Әрине, нашар. Бұған кітапша авторының мына мысалдары келіп. Фермерлерді монополистер мен банктер аяусыз қанаиды, осының салдарынан олар күйзеліске ұшырайды. Мәселен, 1942 жылдан 1952 жылға дейін күйзеліске ұшыраған фермерлердің саны—700 мың болса, кәзір 3,5 миллион фермерлердің семьясы қайыршылыққа дұшар болып отыр.

Ал, елде еңбекшілердің тұрмыс халі осынышалықты ауыр жағдайда болғанына қарамастан, мемлекеттік қоймаларда жүз мыңдаған тонна азық-түлік бүлініп, іріп-шіріп жатады, ол азық-түліктерді монополистер елде азық-түлікке деген бағаны қымбаттатып, сол арқылы барынша көп пайда табу мақсатын көздеп, әсте жарыққа шығармай бағады. Ол-олма, тіпті мұндай «шараны» үкмет тарапынан қолдаушылық та капитал елдерінің сүйегіне сіңген дерт. Әрине, еңбекшілер алдында бүтіндей мемлекеттің және монополистердің мұндай кешірілмес қылмысқа баруы капитализмнің сөзсіз күйрейтіңдігінің айғағы екендігіне күмән жоқ.

Кітапшаның авторы империалистердің отар және тәуелді елдердің еңбекшілерін де аяуандықпен тонайтындығына ерекше тоқталып, бұл ішкірін дәлелдеуге оның

кейдердің ішінде өзге қолхозшылар: Василий Бесмельцев, Иван және Семен Новожиловтар, Андрей Бурлаков, Проконья Мельникова, Иван Носков тағы басқалары бар. Басқа көптеген колхозшылар үшін тұрғын үйлер салуға да колхоз басқармасы ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл мақсатқа 200-ден астам текшеметр құрылыс ағашы, қарағай тағы басқа құрылыс материалдары бөлінген. Бұл құрылыс материалдарын даярлап тасып алуға көлік, машина күштері бөлініп, арнаулы ағаш шеберлерінің бригадасы жұмыс істейтін болады.

мен колхоз, МТС басыңлары ерекше көңіл бөліп, оған күнбе-күн бастылық жасап отырулары керек.

Сонымен бірге, ауыл-селоларда санитарлық тазалық сақтау, ауыл-селоны көгалдандыру ісіне де жергілікті партия, совет ұйымдары жете көңіл бөліп, бұл жұмыстардағы олқылықты, біржақтылықты дереу жоюға, сөйтіп, ауыл-селоның мықтап көркеюіне барлық жағдайды жауауға тиіс.

Ж. МҰҚТАРОВ.

Оқу жылына әзірлік

Петропавл ауданының мектептері жаңа оқу жылына әзірлік жұмыстарын аяқтап келеді. Аудандағы 38 мектептің 35-і толық жөндеуден өтті. Плюсск, Новопаолов жетіжылдық мектептері мектеп жөндеуді және басқа әзірлік жұмыстарын аудан бойынша бірінші болып аяқтады. Мектептерді отынмен қамту жұмыстары

да ойдағыдай жүргізілуде. Кәзір ауданының 34 жетіжылдық және бастауып мектептері қысқы отынмен толық қамтамасыз етілді. Енді біраз күннен кейін барлық мектептер жөндеу, отын тасу жұмыстарын аяқтап, жаңа 1954-55 оқу жылын үлгілі әзірліктермен қарсы алады.

мағлұматтарды толық қатыстырған, әсіресе, АҚШ монополистерінің Батыс Германия мен Англияның экономикасын өздерінің бақылына көндіріп, ол елдердің еңбекшілерін зар қақсатып отырғандығына мысалдар келтірген. Сондай-ақ, құнарлы жері және жұмысшы күші артылып жатқан Индонезия жылына 120 миллион доллар соманың азық-түлігін басқа елден әкеліп жүр. Істің жайы Цейлонда, Малайяда, Филиппинде және басқаларында да осындай.

Шетелдік отаршылар деп жазады автор, отар елдердің халқын тонап қана қоймайды, сонымен бірге, оларды ауыр азапқа қайыршылыққа дұшар етеді, бүтіндей халықтарды қырып-жояды. Латын Америкасындағы империалистік қожалықтың салдары дәл осындай.

Кәзіргі капитализмнің негізгі заңы—барынша көп пайда табу болып отырса, көп пайда келтіретін «көз» олар үшін—соғыс және елді милитарландыру дүниежүзілік екінші соғыста мол пайдаға қолы жеткен американы империалистері кәзір де қыйыншылықтан, капитализмнің жалпы дағдарысының оған өрі ұлғайған құтылып шығудың амалы ретінде дүниежүзілік үшінші соғыс өртің тұтату, бұл мақсатта экономикалық жағынан өзінің ырқына көндірген капиталистік елдерді милитарландыру жолын таңдап алып отыр.

Империалистердің барынша көп пайда табу жолында қолданып отырған барлық жыртықшытық әрекеттері неге әкеліп соғып отыр. Ең алдымен капитализм лагерьінде қарама-қарсылық күшейді, ал экономикалық заңның қағидалылығы бұл стройдың іріп-шіріп бара жатқанын, оның орнына басқа стройдың, анағұрлым прогресшіл стройдың—социализмнің орнауы даусыз екендігін дәлелдейді.

Капиталистік стройдың қарама-қарсылығы неде? Ол мынада: ол елдерде өндіріс процесінде адамдардың бір-біріне өндірістік қатынастары өндіруші күштердің сыйнағына сай емес. Капиталистік қоғамда өндіріп күштер қоғамдық болғанымен, еңбек байлығын немдену формасы жеке-

меншіктік, өндірістің құрал-жабдықтары да жекеменшіктік. Солай болғандықтан да, көп пайдаға көз алартатын капиталистер барлық өндірісті еңбекші бұқараның тұрмыс халіне жақсарту емес, пайда табу мақсатына пайдаланып бағады. Осыдан барып, ұлттық табыс та шонжарлардың аузына түсіп кетеді. Бұл—еңбекшілердің сатып алушылық қабілеті төмендейді деген сөз. Ал соңғы жағдай капитализм жағдайында өндірістің өсуіне үлкен кедергі жасайды.

Мұның барлығы басты-басты капитал елдерінің өз арасындағы және олар мен отар және тәуелді елдердің арасындағы қарама-қарсылықты мейлінше күшейтіп отыр. Мәселен, дүниежүзілік сауда мәселесі жөнінде АҚШ пен Англия арасындағы қарама-қарсылық, американы империалистерінің көмегімен жашнай қарулануға беталған бір жағынан Батыс Германия мен Италия және екінші жағынан Англия мен Франция арасындағы қарама-қарсылық бұған айқын дәлел. Ал, Вьетнам, Бирма, Малайя, Филиппин, Индонезия (халықтарының ұлттық тәуелсіздік жолындағы қажырлы күресі), Индияда, Иранда, Египетте, Латын Америкасы елдерінде, Африкада ұлттық қарсыласудың өршіп келе жатқандығы империализмнің отаршылдық системасының күйрегендігінің куәсі.

Бейбітшілік, демократия және ұлттық тәуелсіздік туы астында, деп қорытқан автор, капиталистік дүниенің таңдаулы күштері империализмге қарсы жорыққа аттанды. Бұл жорықтың бастаушысы—жұмысшы табының және барлық еңбекші бұқараның мүддесін жоқтаушы коммунистер болып отыр. Олар үшін Совет Одағының үлгісі мәңгі өшпес жарық жұлдыз.

Еңбекшілерді қайыршыландырудың және қанаудың апаны болып отырған капитализм дүниесінің бет пердесін жүзуді мақсат еткен кітапшаның мазмұны, міне, сондай. Мұндай кітапшаны үгіт және психат жұмысында пайдалану өте орынды болар еді.

Ж. ОСПАНОВ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

АТОМ ҚУАТЫ АДАМҒА

ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Совет Одағында атом қуатымен жұмыс істейтін тұңғыш өнеркәсіп электр станциясының іске қосылғаны туралы ССРО Министрлер Советінің хабарын халықаралық жұртшылық зор ықыласпен қарсы алды. Дүние жүзінің барлық елдерінде миллиондаған адамдар бұл тарихи оқиғаны советтік ғылым мен техниканың жеңісі ретінде ғана емес, сонымен бірге бейбітшіл совет саясатының айғағы деп бағалауда.

Совет Одағы атом және сутегі қаруына, адамдарды жаппай қырып-жоютын басқа құралдарға сөзсіз тыйым салуды, бұл тыйым салудың сақталуына халықаралық қатаң бақылау қоюды дәйектілікпен жақтап келеді. Совет үкіметі бұл мақсатқа жету жолындағы бірінші қадам ретінде ұлы державалардың атом және сутегі қаруын қолданбауға өздеріне салтанатты және сөзсіз міндеттеме алуын ұсынып келді және ұсынып отыр. Сонымен бірге Совет Одағы атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жолдарын іздеп тұр.

Ал Құрама Штаттардың билеуші топтары мүлде басқа позиция ұстап отыр. Совет Одағы мен Американың атом қуаты туралы мәселе жөнінде жуырда алдын ала пікірлер алысуы АҚШ-тың түбірлі совет ұсыныстарын қасарысып қабылдамай, атом қаруымен онан әрі жанталаса қарулануға тырысып отырғанын тағы да мейлінше айқын көрсетті.

Атом қуатын адамға қызмет етуісіне қойған совет ғалымдарының тамаша табысын құттықтай келіп, Қытайдың «Гуанминжибао» газеті былай деп әділ ескерткен: «Морганний, Рокфеллердің, Mellonның және Дюпонның монополистік топтары бақылап отырған атом атом өнеркәсібі атом қуатын бейбіт тілектерді қанағаттандыру үшін емес, тек жаппай қырып-жоютын қару жасау үшін өндіруде».

Чехословакияның «Руде право» газеті былай деп жазған: «ССРО Министрлер Советінің хабарын оқып, бүкіл дүние жүзіндегі адамдар Совет Одағының бейбітшілікті нығайту үшін барлық шараны істеп отырғанын, бұл ұлы державаның сөздері мен істерінің арасында алшақтық жоқ екенін тағы да айқын көре алды».

«Атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануда, — деп атап көрсеткен Болгарияның «Отечествен фронт» газеті, — бұл уақытқа дейінгі тұңғыш және бірден-бір нақты қадамды Совет Одағы жасағанын бүкіл әлем көріп отыр».

Совет Одағының атом қуатын адамдардың игілігіне пайдалану жолын көрсетіп бергені үшін бүкіл бейбітшіл адамзат оған сүйіспеншілікпен алғыс айтуда. «Өнеркәсіп мақсаттарына қолданылған атом қуаты, — деп жазған Польшаның «Трибуна людю» газеті, — адамзаттың тарихында тұңғыш рет соғысқа емес,

американ келіссөздерінен кейін АҚШ-тың билеуші топтары «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекітуге Францияны мәжбүр ету мақсатымен оған жасап отырған қысымын едәуір күшейте түсті. Американ насихаты Францияның бұл договорды бекітуден бастартуы Батыс Германияны қайта қаруландыруға және оны Солтүстік-атлантикалық блокке қатыстыруға әкеліп соқтырады-мыс деген сөздер айтып, француз жұртшылығын қорқытуға әрекеттенуде.

Француз баспасөзі американдық бопсалау және қорқыту саясаты туралы кекті бізбен жазып, Франция үкіметінен АҚШ-тың арадату әрекеттерін қабылдамай тастауды талап етуде. Тіпті әдетте Құрама Штаттардың сыртқы саясатын қолдан жүрген ең оңшыл «Орор» газеті «Франция өз одақтастарының оған талаптар қоюына жол бере алмайды» деп санауда.

Кәзір Лондонда ағылшын-американ дипломатиялық өкілдерінің мәжілістері өтіп жатыр, бұл өкілдер, Рейтер агенттігінің көрсетуіне қарағанда, «европалық қорғаныс бірлестігінің жоспары сәтсіздікке ұшыраған күнде, Батыс Германияны қаруландыруды қамтамасыз ету әдістерін» қарауда. Франция бұл келіссөздерге қатысуға қасақана шақырылмаған. Американдық «Нью-Йорк геральд трибюн» газеті ендігі жерде Франция «итермелеу және соққылау әдісімен емдеуге» ұшыратылады, бұл үшін, атап айтқанда, Лондон кеңесі пайдаланылады деп, бейбіт сөздер айтқан.

Ағылшын-американ келіссөздерін түсіндіре келіп, Париждың «Комба» газеті былай деп жазған: «Франция жөнінде сақтықтың және сыпайгершіліктің аз болып отырғандығы соншалық, тіпті бұдан мынадай сұрақ туады: ағылшын-американдық Бонн мен Формозаны халықаралық шиеленісті күшейтуге әкеліп соқтыратын саясат жөнінде Франциядан гөрі анағұрлым тілағаш деп санап, бұларды Франциядан артық көріп отырған жоқ па екен?».

Ал бонндық топқа келетін болсақ, бұл топ американдық дипломатиясының оның Францияға жасаған қысымын да өте белсене қолдауда. 2 июльде радио арқылы сөз сөйлеген Аденәуэр «европалық армия» туралы договорды неғұрлым тез бекітуді француз үкіметінен үзілді-кесілді талап етті. Бонндық қаңлдер, егер француздар қасарысып отыратын күнде, Батыс Германия жедел қарқынмен қайта қарулана бастайды деп қорқытты.

Аденәуэрдің сөзі Францияда күшті наразылық тудырды. Француз жұртшылығының ең қалың топтарында «европалық армия» елдің бостандығы мен тәуелсіздігіне төнетін аса апатты хауіп болып табылады деген пікір барған сайын нығая түсуде. Француз газеттері, соның ішінде буржуазиялық газеттер де Аденәуэрдің мәлімдемесін батысгерманиялық милитаристердің кекшілдік әрекеттерінің белгісі деп бағалауда. «Ендігі жерде, — деп мәлім-

ол жаңа соғыс апаттарын тілемейді. АҚШ-тың қорқыту және бопсалау арқылы Францияны жаңа соғыс авантюрасына итермелеуге тырысқан әрекеттері барлық француз патриоттары тарапынан барған сайын еселеп артқан қарсылыққа кездесуде, ал олар американдық реакциясының Батыс Европадағы жоспарларының жүзеге асырылуына жол бере алмайтынын біледі.

ГВАТЕМАЛАДАҒЫ ОҚЫҒАЛАР АҚШ

САЯСАТЫН ӘШКЕРЕЛЕДІ

Гватемалаға қарумен басып кіру әрекетін жасай отырып, американдық билеуші топтары латинаамерикалық елдер тілексіздік білдіреді және қолдайды деп үміттенген еді. Бірақ бұл үміттер іске аспай қалды. «Күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» американдық саясаты латинаамерикалық жұртшылықтың ең қалың топтарында айыпталып отыр. Құрама Штаттардың Латин Америкасындағы беделінің түскендігі соншалық, тіпті мұның өзі Вашингтондағылардың күшті абыржушылығын тудыруда.

Гватемаладағы оқиғалардан кейін, деп атап көрсетуде латинаамерикалық баспасөз, американдық дипломаттары өздеріне сенім көрсетіледі деп үміттене алмайды. Уругвайдың «Эль Соль» газеті толық дәлелмен былай деп мәлімдеген: Вашингтондағы ресми топтар Гватемалада жеңіске жеттік деп, істің жайын бұрмалап көрсетуге бекер тырысып отыр. «Американдық континентіңді және бүкіл дүние жүзіндегі шын мәнісіндегі демократтар, — деп атап көрсеткен газет, — Караиб бассейнінің шағын еліндегі халықтың өзін-өзі еркін билеу правосын тұншықтырғандарға көмектесушілер бола алмайды».

Гватемаланың ішкі істеріне әрескелдікпен араласу салдарынан АҚШ-тың ұтысқа жетпей, қайта ұтылып шыққанын тіпті американдық газеттер де бекер деп отырған жоқ. Ендігі жерде, деп атап көрсеткен «Нью-Йорк пост» газеті, «бүкіл Латин Америкасында соншалық кең таралған АҚШ-тан үрейленушілік және оларға деген өшпенділік азаймайды, қайта арта түседі».

Ашу-ыза кернеген латинаамерикалық жұртшылықтың алдында ақталуға және өздерінің агрессиялық әрекеттерінің ізін жасыруға тырысып, американдық билеуші топтары әртүрлі насихаттық айла-амалдар қолдануда. Істің насырға шапқандығы соншалық, АҚШ юстиция министрлігі мемлекеттік департаменттің нұсқауы бойынша... «Юнайтед Фрут компаниге» қарсы сот процесін бастаған. Бұл айлакерлік Құрама Штаттардың ресми саясатының компания мүдделерімен ешқандай қатысы жоқ, ал американдық өкмет орындарының тіпті бұл компанияны Латин Америкасындағы «монополистік практикасы» үшін «жазалайтын» ниеті бар-мыс деген желеу тудыру мақсатын көздеп отыр.

Американдық айлакерлігінің қолапайсыз екендігі соншалық, мұның өзі ешкімді де

Даллес Парижға жүріп кеткен

ВАШИНГТОН, 13 июль. (СОТА). АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес Францияның премьер-министрі Мендес-Франс пен және Англияның сыртқы істер министрі Иденмен кездесу үшін кеше кешке Вашингтоннан Парижға ұшып кеткен. Олардың келіссөздері бүгін болмақ.

Даллес аттанар алдында мәлімдеме жасаған, оның мәлімдемесі Құрама Штаттардың Индо-Қытай туралы мәселелері және басқа мәселелердегі американдық көзқарасын Франция мен Англияға қабылдатуға жаңадан әрекет жасап отырғанын көрсетеді. Өзінің сапарына «Индо-Қытай және Европада болып жатқан оқиғалардың Құрама Штаттардың қатты қобалжытуы» себеп болғанын атап көрсете келіп, Даллес: АҚШ «Францияның, Великобританияның және Құрама Штаттардың келісіп қыймыл жасауын» қамтамасыз етуге тырысып отыр деп мәлімдеген.

Даллес АҚШ билеуші топтарының Индо-Қытайдағы жағдайды бейбітшілікпен реттеуге мүдделі еместігін айқын көрсеткен, ал, шындығында Женева кеңесі Индо-Қытайдағы жағдайды реттеу мақсатымен шақырылып отыр. «Менің Парижға баруым, — деп мәлімдеген ол, — бұдан бұрын баяндалған позициядан кейін шегінгендік болып табымайды, атап айтқанда, менің де, мемлекеттік секретарьдың орынбасары Смиттың де кәзіргі уақытта Женеваға баратын ойымыз жоқ».

Даллес қорытындысында АҚШ «Францияның, Великобританияның және Құрама Штаттардың біртұтас майданын сақтауға зор маңыз» беріп отыр дегенді тағы да айтқан.

ДАЛЛЕСТИҢ, ИДЕННИҢ ЖӘНЕ МЕНДЕС-ФРАНСТЫҢ ПАРИЖДАҒЫ СЫҢАРЖАҚТЫ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

ЖЕНЕВА, 13 июль. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Мұнда мәлім болғандай, Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе жөніндегі кеңесті онан әрі өткізу үшін Женеваға келген Францияның премьер-министрі және сыртқы істер министрі Мендес-Франс пен Англияның сыртқы істер министрі Иден АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллеспен кездесу үшін 13 июльде Парижға жүріп кеткен.

Бұл кездесу, алынған мәліметтерге қарағанда, сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесі шұғылданатын мәселелерді талқылауға арналатын көрінеді.

Индо-Қытай мәселесін талқылау қарсаңында Даллестің Женевадан кетіп қалуы және келесі оған әрі өткізу үшін басқа сыртқы істер министрлері кәзірдің өзінде жиыналып отырған Женеваға Даллестің қайтып оралғысы келмей отырғаны өзіне назар аудармай қоймайды.

Мұнда мынадай жағдайға назар аударылуда: Даллестің Парижға келуі әрекеті Женевадағы кеңеске қатысушылардың

Бүкілқазақстандық жетінші спартакиада

ЖАРЫСТЫҢ ЕКІНШІ КҮНІ

Жарыстың екінші күнін жеңіл атлетикашылар ашты. Ең жақын аралықта — жүз метрге жүгіруге қатысушыларға старт берілді. Алматылықтар Рыбин, Шейдин, Григораш, Попруга Бақряшев республика чемпионы атағын алу жарысына қатысуға право алды. Әйелдер арасында Федянина (Солтүстік Қазақстан облысы), алматылықтар Дмитриева, Колесникова, Нагорова (Павлодар облысы), Глухова (Оңтүстік Қазақстан облысы) жарыста басымдылық көрсетті. Олардың финалда кездесуі кімнің чемпион болатындығын анықтайды.

Биіктіктен жүгіріп келіп секіру жарысына қатысушылардың ішінде алматылық Гусева мен Шмитьконың бұрынғы бәсекелестері бар. Гусева 150 сантиметр биіктіктегі планкадан секіріп өтіп, Қазақстан чемпионы атағын алды. Шмитько бұл нәтижеге жете алмады. Ол 140 сантиметр биіктіктен ғана секіріп, екінші орынға шықты.

Спорттық жүрістен жарысу өте қызық өтті. Семейлік Ежов жеңіп шықты. Ол 10 километрлік аралықты жүріп өткенде секундометр 47 минут 50,2 секунд уақытты көрсетті. Бұл бірінші разрядтың нормасынан асып түсті.

Оңтүстік Қазақстандық жеңіл атлетіші Чернов ядроны 30 метр 78 сантиметрге лақтырды. Бұл екінші күнгі ең жақсы нәтиже. Атап айту керек, ядро лақтыруға қатысқан 30 спортшының бесеуі ғана разрядтық нормаларды орындай алды. Ядро лақтырудан әйелдер арасында бірінші орынға Горбатенко (Алматы) шықты.

Ерлер арасында жүгіріп келіп ұзындыққа секіруден болған жарыс қарағандылық Ильинскийдің (6 метр 89 сантиметр) жеңуімен аяқталды.

Әйелдер үшін 400 метрге жүгіруден болған жарысқа көрушілер қызға қарады. Еременко (Алматы) 58,9 секундта жүгіріп, өзінің бұрынғы республикалық рекордын қайталады. Петропавлдық спортшы Никитина одан 1,6 секунд кеш келіп, ұтылды. Ерлердің 800 метрге жүгіруіне алғашқы қатысқандардың ішінде шығысқазақстандық Назаров 2 минут 2,5 секундта келіп, жеке және облыстық рекорд жасады. Алайда, бұл рекорд ұзаққа бармады. Қазақстанның рекордшысы Рудкий бұл дистанцияны 1 минут 58,3 секундта аяқтады. Өзінің уақытын жерлесі Назаровтан 2,5 секундқа жақсартқан Коновалов 2 минутта жүгіріп, екінші жақсы көрсеткішке жетті.

Алматылық спортшы Хасанова арқамен жүз метрге жүзуден республикалық жаңа рекорд жасады. Хасанова өзінің бұрынғы рекордын 3,4 секундқа жақсартты. Спорттың бұл түрінен ерлер арасында кызу жарыс болды. Гурьевтік спортшы Исakov баттерфлай әдісімен 200 метр

Кешке «Динамо» стадионында классикалық күрес бойынша жарыстың жалтасы болды.

Спартакиаданың екінші күнінен кейін жалпы командалық есепте бірінші орында астана физкультурашылары, екінші орында қарағанды спортшылары, үшінші орында Семей облысының командасы келеді.

ЖАРЫСТЫҢ ҮШІНШІ КҮНІ

Секундометрдің стрелкасы 12,9 секунд уақытты көрсеткенде Дмитриева фиништің лентасына бірінші болып келді. Одан 0,1 секунд кейін Солтүстік Қазақстанның талантты спортшысы Федянина келді. Осы аралықта ерлер ішінде алматылық Рыбин шаршап жүгірді. Екінші орынды оның жерлесі Григораш алды.

Ұзындықтан жүгіріп секіруден республиканың чемпионы Сахацкая (Алматы) жақсы нәтижеге жетті. Ол бес метр 23 сантиметр ұзындыққа секірді. Талдықорған облысының өкілі Панкратова одан 10 сантиметрге ұтылды.

Жарыстың үшінші күні барьеристердің алдын-ала жүгірісі болды. Қарағандылық Кирсанов 110 метрлік қашықтықтан бірінші болып өтті. Оның көрсеткіші 16,3 секунд. Бұл соңғы төрт жыл ішіндегі ең жақсы нәтиже. Әйелдер арасында спорттың бұл түрінен болған жарыста астаналық барьеристка Еременко алдыңғы қатарға шықты, барьерлік жүгіріспен бірінші жыл шұғылданушы алматылық Побежимованың уақыты одан 0,1 секунд ғана кем түсті.

Биіктіктен жүгіріп секіруге қырықтан астам спортшылар жарысты. 170 сантиметр биіктікке орнатылған планкадан тек қана 2 спортшы алматылық Качкуркин және Сирицин қарғын өте алды. Бірінші орын Қазақстанның рекордшысы Качкуркинге берілді.

Бес мың метрлік қашықтыққа жүгіру көрушілердің назарын аударды. Екі айналым бойына астаналық жеңіл атлетіші Рябов алда болды. Бұдан кейін сөз жастары ішінде бес километрге жүгірудің республикалық чемпионы Комаров алға шықты. Аралықтың орта тұсында алматылық тағы да оза берді. Ол біртіндеп ұтып, 15 минут 24,6 секунд уақытта жақсы нәтижемен бірінші болып келді. Екінші орынға шығу үшін Комаров пен шығысқазақстандық Коновалов күшті айқас жүргізді. Соңғысы өзінің бәсекелесінен 0,8 секунд бұрын келді.

Физкультура институтының спорт клубының бассейнінде еркін әдіспен эстафеталық жүзу болды. Әрбір командада төрт спортшы, олардың әрқайсысы жүз метрден малтұйды. Малтудың бір кезеңінде Алматы мен Гурьев облысының командасы кездесті. Бірінші кезеңді екі коллективтің спортшылары кең нәтижемен аяқ-

құруға емес, өзіге емес, қалта адамға қызмет ете бастады».

Капиталистік елдердің буржуазияшыл баспасөзі совет ғалымдары мен инженерлерінің батыс ғалымдарынан анағұрлым озып шыққанын мойындауға мәжбүр болады.

«Совет Одағының, — деп мәлімдеген Токио радиосының шолушысы, — атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану ісінде Англия мен Америкадан озып шыққандығы совет ғалымдарының атом қуаты саласында зор табыстарға жеткенін көрсетеді».

Жұртқа мәлім, Совет Одағы атом және сутегі қаруына ие болып отыр, соның өзінде ол сутегі бомбасын өндіру ісін Құрама Штаттардан бұрын игерді. Солай бола тұрса да, Совет үкметі өзінің бейбітшіл саясатынан таймай, жаппай қырып-жойтын қарудың осы және басқа түрлеріне тыйым салу үшін, атом қуатын бейбіт мақсаттарға ғана пайдалану үшін барлық күш-жігерін жұмсап келеді.

ССРО-да атом қуатымен жұмыс істейтін дүние жүзіндегі тұңғыш электр станциясының іске қосылғаны — совет халқының адамзат қоғамын ілгері бастыру ісіне, барлық халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі жолындағы ұлы күреске қосқан жаңа үлесі.

АМЕРИКАНЫҢ ФРАНЦИЯҒА

ҚЫСЫМ ЖАСАУЫ

Жуырда Вашингтонда болған ағылшын-

деген «Комма» газеті, — француз-герман қатынастары канцлер Аденауэрдің кінасінен толық дағдарыс халіне ұшырады».

Құрама Штаттардың Францияға қысым жасауы француз халқының елге тықпалданған Париж договорына қарсы күресуге берік бел байлаған жігерін тіпті де әлсірете алмайды. Мұның керісінше, халық наразылықтары барған сайын кең көлемде өрістеп, Францияның саяси топтарына белгілі ықпал жасауда. Францияның өз халқының еркін орындай отырып, американдық бопсалау әрекетіне қарсы тұруға және «европалық армия» мен «европалық қорғаныс бірлестігін» құру әрекетін сәтсіздікке ұшыратуға барлық мүмкіндіктері бар екенін әрбір күн көптеген мысалдармен дәлелдеп отыр.

Ұлттық жыйналыстың заң шығару мәселелері жөніндегі комиссиясы 7 июльде «европалық армия» туралы договорды бекітуге 23 дауыспен қарсы шықты, 13 дауыс қана договорды жақтады. 9 июльде Ұлттық жыйналыстың сыртқы істер комиссиясының мәжілісінде сыртқы істердің статс-секретары Герэн де Бомон мәлімдеме жасап, онда ол Лондондағы біржақты ағылшын-американ келіссөздерін айыптады және Францияның қатысуымен «герман проблемасының ешқандай практикалық шешімін табуға болмайтынын» еске салды.

Француз халқы жарты ғасырдың ішінде герман агрессиясының ауыр зардаптарының екі рет басынан кешірді, сондықтан

адастыра алмайды. Гватемаладағы интервенцияның өзі «Юнайтед Фрут компания» мүшелері үшін жасалған, өйткені ол бұл елде өзінің үстемдік жағдайынан айрылып калып, кәзіргі уақытта Арбене үкметінің түсында айрылған позицияларын қайтадан басып алуға. Оның үстіне, «Юнайтед Фрут компания» әрекеттеріне Американың көрнекті мемлекет қайраткерлерінің, соның ішінде Даллестің мәйлімше мүдделі екендігі, бұлардың осы компанияның ірі акционерлері болып табылатындығы жалпы жұртқа мәлім.

Гватемаладағы американдық агрессиясы Латин Америкасында ғана емес, сонымен бірге дүние жүзінде басқа елдерінде де АҚШ-қа деген сенімді бұрыныдан анағұрлым әлсіретті. Данияның буржуазияшыл «Информашон» газеті былай деп әділ атап көрсеткен: «Ұлттардың саяси жағынан өзін өзі билеу правосы және халықаралық правоны құрметтеу жоғары бааланатын барлық елдердің жұртшылық пікірінің алдында» Құрама Штаттар үкметінің беделі «кәзір бұрынғы қай кездегіден болса да төмен болып отыр».

Гватемаладағы оқыйғалар Вашингтон уағаздан отырған «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясаттың барлық бейбітшіл халықтарға жат саясат екендігін әшкереледі.

Д. БОЧАРОВ.

Американың жаңа қысымы

ДАЛЛЕСТИҢ ПАРИЖҒА БАРУЫ ТУРАЛЫ АМЕРИКАН БАСПАСӨЗІНІҢ ПІКІРІ

НЬЮ-ЙОРК, 13 июль. (СОТА). «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің Вашингтондағы тілшісі Рассель, оның айтуындай, Даллестің «күтпеген жерден Парижға жүріп кеткенін түсіндіре келіп, «АҚШ-тың, Англияның және Францияның одағы» кәзіргі уақытта зор шиеленіске ұшырап отыр» деп көрсеткен.

—Индо-Қытайдың маңызды проблемасын талқылаумен қатар, — деп жазған Рассель, —6 елдің европалық армиясы құрамында Батыс Германияны қайта қаруландыруға мүмкіндік тудыру үшін «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды францияның неғұрлым тез бекітуіне Құрама Штаттардың өмірлік зор маңыз беріп отырғанына Мендес-Франстың көзін жеткізуді Даллес мақсат етіп отыр. Даллес Парижға бару жайындағы шешімді 12 июльде таңертең ақ үйге Эйзенхауэрмен басқосқан кеңесте қабылдаған, бұл кеңес туралы хабар жарияланбаған. Осыдан кейін іле-шала Құрама Штаттардың Чехословакиядағы елшісі, Женевадағы американдық делегациясын басқарып отырған Джонсон Мендес-Франспен Иденнің 13 июльде Парижде Даллеспен кездесуі жөнінде олармен келісуге телефон арқылы нұсқау алған.

Мендес-Франс және Иденмен келіссөздердегі Даллестің позициясын баяндай келіп, Рассель былай деп атап көрсеткен: АҚШ «Құрама Штаттардың «құрметті» және жүзеге асыруға мүмкін деп санауы-

на болатындай» уақытша бітімге ғана келіседі. Ал, «егер уақытша бітім туралы келісім Құрама Штаттардың талаптарына сай келмесе, АҚШ үкметі бұл келісімнен іргемізді аулақ салуға мәжбүр болды деп санайтын болады». Даллес, сонымен қатар, деп жазған бұдан кейін Рассель, «егер уақытша бітім туралы келіссөздер сәтсіздікке ұшыраған күнде Францияның Индо-Қытайдағы өз қарулы күштерін нығайтып, өзінің соғыс қыймылдарын ұлғайту үшін қандай шаралар қолданатын ниеті бар екенін Мендес-Франстан сурап анықтауға» ниеттеніп отыр.

«Нью-Йорк геральд трибюн» газеті Даллестің сапарына байланысты редакциялық мақала басып, онда «Батыс елдерінің одағы күшті шиеленіске ұшырап отыр», сондықтан «бұл шиеленістің күшейе түсуіне жол бермеу өте маңызды» деп атап көрсеткен.

«Нью-Йорк таймс» газеті редакциялық мақалада былай деп жазған: Даллестің Мендес-Франспен және Иденмен келіссөздерінің мақсаты «Берлинде соншалық берік болған, бірақ Женева қарсаңында ыдыраған жалпы майданды» қалпына келтіруге болып отыр.

Газет Индо-Қытай мәселесіндегі американдық саясаттың Франция мен Англияға қабылдануға Даллес әрекет жасайды деп анықтан-ашық жазған. Проблема, деп жазған газет, «ағылшын, француз программасын» американдық саясаттың «шешімінен шығармай тежеуде» болып отыр.

позициялары жақындыра бастап, жақын нәтижелерге жету мүмкіндігі туған кезеңде жасалып отыр. Совет делегациясының топтарында мынаған назар аударылуда: жұртшылық пікірі алдында Даллестің бұл әрекеттері Индо-Қытайда бейбітшілік қалпына келтіру туралы келісімге жетуге кедергі келтіру және осы мақсатпен Франция мен Англияның позициясына тиісті қысым жасау әрекеті болып табылады деген әсер тууы мүмкін.

Даллестің кеңеске қатысушылардың кейбіреулерімен сындаржақты келіссөздер жүргізуі сонымен бірге АҚШ билеуші топтарының Индо-Қытай мәселесінде американдық делегациясы ұстап отырған позицияны Женева кеңесінде ашықтан-ашық талқылаудан жалтаруға тырысып отырғанын көрсетеді. Мұның өзі американдық дипломаттарының кеңеске қатысушылардың бәрімен келіссөздер жүргізу қарқынын қабылдауға болатындай шешімдерге жету орнына қысым жасау және өткенді көрсету әдістерін артық санап отырғанын тағыда айқып көрсетеді. Сонымен қатар, былай деп атап көрсетілуде: Даллестің АҚШ позициясын жұртшылық пікірі алдында ашық баяндап беруден осындай қорқып отырған себебі, сіре еңалдымен, мынада болса зерек: Индо-Қытайда бейбітшілік қалпына келтіру және халықаралық шиеленісті бәсеңдету жөнінде келісімге жету мүмкіндіктерінің туа бастағаны АҚШ агрессияшыл топтарының саясатына қайшы келеді.

Совет делегациясының топтарында АҚШ дипломатиясының бұл әрекеттері Женева кеңесінде жақсы нәтижелерге жетуге кедергі болмауға тиіс деген сенім білдірілуде.

ДАЛЛЕСТИҢ ПАРИЖҒА БАРУЫ ЖАЙЫНДА

ЛОНДОН, 13 июль. (СОТА). Бүгін Парижде Даллестің Англия мен Францияның сыртқы істер министрлерімен біржақты кеңесі болмақ.

Рейтер агенттігі Даллестің Парижға баруына Лондондағы дипломатиялық топтардың қалай қарап отырғаны туралы хабар берді. «Лондондағылар, — делінген хабарда, —АҚШ үкметінің жоғары дәрежелі өкілімен Мендес-Франстың өзара кездесуін Женевада болатын алдағы аса маңызды келіссөздер қарсаңында өте қажет деп санауда. Ал, оның бер жағында лондондағылар Даллестің өзінің Женеваға баруы қажет деген пікірді бұрынғысына ұстап отыр...».

МЕМЛЕКЕТТІК ДЕПАРТАМЕНТ ПОЛЬ РОБСОНҒА ШЕТЕЛДІК ПАСПОРТ БЕРУДЕН БАС ТАРТТЫ

НЬЮ-ЙОРК, 13 июль. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабарына қарағанда, мемлекеттік департаменттің өкілі Поль Робсонның шетелдік концерттер беруі үшін мемлекеттік департаменттің кәзіргі уақытта жаңа паспорт беруге ниеті жоқ екенін мәлімдеген.

аң өтіп, республикалық жаңа рекорд жасады. Алматылық Козарезов жасаған бұрынғы республикалық рекорд 3 минут 21,4 секундқа тең болатын.

Әйелдер баттерфляй әдісімен жүз метрге малтыды. Қазақстанның рекордшысы Ешкенова (Алматы) мен қарағандылық спортшы Барцованың жарысы қызықты болды. Бұлар аралықтың төрттен үшінен өткенше бірдей малтып отырды. Бұдан кейін Ешкенова қарқынды күшейтіп, малтуды рекорттық уақытта—1 минут 35,9 секундта аяқтады. Екінші келген Барцова да бұрынғы республикалық нәтижені жанартты.

Бұл күні велосипедшілер Қаскелең шоссеінде жарыс өткізді. Программада—ерлер арасында 100 километр, әйелдер арасында 25 километрге жарыс. Данилов (Шығыс Қазақстан) аралықты 2 сағат 46 минут 23,7 секундта өтіп, Қазақстан велосипедшілерінің жаңа жеңісіне жетті. Оралдық Цветков одан 0,1 секунд, Влазов (Алматы облысы) 0,3 секунд ғана ұтылды. Жеті спортшы бірінші разрядтың нормасын орындады. Әйелдер арасында 25 километрлік аралықты алматылық Кислицина бәрінен де тез жүрді. Бұдан кейін 1 секунд соң Луктанова (Семей облысы) келді.

ССРО-Швеция шахмат матчы

СТОКГОЛЬМ, 14 июль. (СОТА). Кеңес-ССРО-Швеция шахмат матчында Берес-Штольц ойынының жалғасы болды. Совет гроссмейстрі жеңіп шықты. Сонымен, совет және швед шахматшыларының жолдастық жарысының жалпы есебі ССРО командасының пайдасына 13:3 болды.

Бешкілікте, шахмат жарысы аяқталғаннан кейін, ССРО-ның Швециядағы елшісі К. К. Родионов совет шахматшылары командасының құрметіне қабылдау

тады. Екінші жүз метрден малтуды республиканың чемпионы және рекордшысы алматылық Хасанова шапшаң жүзіп өтті. Алматы командасы аралықты 5 минут, 40,3 секундта бірінші болып аяқтады.

«Динамо» және «Локомотив» стадиондарында футболшылардың алдын-ала жарысы басталды. Спартакиадаға қатысушы командалар алты топқа бөлінген. Жеңіп шыққан топтар Қазақстанның футбол бойынша чемпион атағын алу үшін финалдық ойындарға қатысады.

Футболдан алғашқы жарыс басталды. Алматы мен Павлодар облыстарының футболшылары кездесіп, ойынды 2:2 есебімен тең аяқтады. Алматы қаласының спортшылары өздерінің қақпасына бірде-бір доп өткізбестен, Талдықорған облысы командасының қақпасына 6 доп енгізді. Осындай есеппен қостанайлықтар Ақмола облысының футболшыларын жеңді. Қызылорда облысының футболшылары да жеңіліске ұшырады. Олардың сеткасынан үш рет доп өтті, ал, қызылордалықтар өздерінің бәсекелесі Батыс Қазақстан спортшыларының қақпасына бірде-бір рет доп өткізе алмады. Шығыс Қазақстанның командасы 5:2 есебімен Гурьевтің футболшыларын жеңді.

(ҚазТАГ).

ИНДОНЕЗИЯ БАСПАСӨЗІ МЕН ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ҚХР-ге БҰҰ-дағы ЗАҢДЫ ОРНЫН БЕРУДІ ТАЛАП ЕТУДЕ

ДЖАКАРТА, 12 июль. (СОТА). Индонезия баспасөзі мен жұртшылығы Қытай Халық Республикасына Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орнын тезінен беруді жақтап шығуда. «Қытай Халық Республикасы, деп көрсеткен «Хариан ракыят» газеті, халықаралық аренада барған сайын елеулі роль атқаруда. Мұны еске ала отырып, үкмет өзінің беделін сыртқы саясатын жүзеге асырумен бірге, Қытай Халық Республикасын БҰҰ-дағы заңды орнын алатын болуына барлық құралдармен көмектесуге тиіс».

Аптальық «Санди курьер» редакциялық мақалада былай деп жазған: «АҚШ-тағы реакцияшылдардың шағын тобынан басқа барлық халықтар Қытай Халық Республикасын БҰҰ-ға енгізуді талап етуде. ҚХР БҰҰ-ға кіркеннен кейін бейбітшілік күштерінің еселеп артатынын халықтар біледі».

ГОЛЛАНДИЯ КӘСІПОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ДЖАКАРТА, 12 июль. (СОТА). Сенатор аралының бірқатар аудандарында еңбекшілер өз праволары жолындағы күресті өрістетуде. Анкара агенттігі былай деп хабарлайды: үлкен Белаван портында Голландияның кәсіп иелерінен жалақыны арттыруды талап етуші 4.300 жұмысшы ереуіл жасауда. Сонымен қатар, Меданнің көптеген кәсіпорындарында да ереуіл басталды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02065.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғары басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӘМЕЛЕТТІК АТТЕСТАТ»

«БАҚЫТ ОСЫЛАЙ КЕЛЕДІ»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.